

Көп арналы Аудио/бейне ресивері

Пайдалану нұсқаулары

ЕСКЕРТУ

Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыға жаңбыр не ылғал тигізбеңіз.

Өрт шығу қаупін азайту үшін құрылғының жел кіретін тесігін газетпен, үстел жапқышпен, пердемен, т.б. жаппаңыз. Құрылғыны ашық жалын көздеріне (мысалы, жанып тұрған отқа) тигізбеңіз.

Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыға тамшы, шашыранды тигізбеңіз немесе ваза сияқты сұйықтық толы заттарды құрылғыға қоймаңыз.

Құрылғыны кітап сөресі немесе қабырға шкафы секілді шектеулі орынға қоймаңыз.

Құрылғыны ток көзінен ажырату үшін негізгі тығын қолданылатындықтан, құрылғыны оңай қол жетімді айнаымалы розеткаға сұғыңыз. Құрылғының дұрыс істемеуін байқасаңыз, бірден негізгі тығынды айнаымалы ток розеткасынан ажыратыңыз.

Батареяларды немесе батареялар салынған құрылғыларды күннің көзі және өрт сияқты ыстық жерлерге шығармаңыз.

Құрылғы өздігінен өшіп қалғанның өзінде айнаымалы ток розеткасына қосылғандықтан, құрылғы ток көзінен ажыратылмайды.

Тығындайтын құлаққаптар мен киілетін құлаққаптардың шамадан тыс дыбыстық қысымы есту қабілетінен айыруға себеп болады.



Бұл - пайдаланушыны қалыпты режимде тигенде ыстық болатын ыстық беттің бар екендігін ескертуге арналған таңба.

Бұл жабдықтың EMC директивасында белгіленген шектерге сәйкестігі 3 метрден қысқа жалғау кабелімен тексеріліп анықталды.

Еуропадағы тұтынушылар үшін



Ескі электрлік және электрондық жабдықты қоқысқа тастау (бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық Одақта және басқа да

еуропалық елдерде қолданылады)

Өнімдегі немесе оның қаптамасындағы бұл таңба бұл өнімге тұрмыстық қалдық ретінде қарамауын білдіреді. Оның орнына электрлік және электрондық жабдықты кәдеге жарату мақсатымен оны арнайы жинау орнына тастау керек. Бұл өнімнің дұрыс тасталуын қамтамасыз ете отырып, бұл өнімнің қалдық ретінде тиісінше тасталмауынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін ықтимал кері әсерлерге жол бермейсіз. Материалдарды кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Бұл өнімді кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті тиісті қалалық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

Europe Only



Pb

**Қалдық
батареяларды
қоқысқа тастау
(бөлек жинау
жүйелері бар
Еуропалық Одақта**

**және басқа да еуропалық
елдерде қолданылады)**

Батареядағы немесе қаптамасындағы бұл таңба өнімдегі батареяға тұрмыстық қалдық ретінде қарамауын білдіреді. Белгілі бір батареяларда бұл таңба химиялық таңбамен бірге пайдаланылуы мүмкін. Батарея құрамында 0,0005% сынап немесе 0,004% қорғасын болса, сынаптың (Hg) немесе қорғасынның (Pb) химиялық таңбалары қосылады.

Бұл батареялардың дұрыс тасталуын қамтамасыз ете отырып, батареяның қалдық ретінде тиісінше тасталмауынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін ықтимал кері әсерлерге жол бермейсіз. Материалдарды кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Қауіпсіздік, жұмыс өнімділігі және деректер тұтастығы үшін өнімдерге батареяны үнемі қосып қою қажет етілген жағдайда бұл батареяны тек білікті қызмет көрсетуші маман ауыстыруы керек.

Батареяның дұрыс қолданылғанына көз жеткізу үшін өнімді пайдаланылу мерзімі аяқталғаннан кейін электрлік және электрондық жабдықты кәдеге жарату мақсатымен арнайы жинау орнына тастаңыз.

Барлық басқа батареялар үшін батареяны өнімнен қауіпсіз шығару жолдары туралы бөлімнен қараңыз. Қалдық батареяларды кәдеге жарату мақсатымен батареяны арнайы жинау орнына тастаңыз.

Бұл өнімді немесе батареяны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті тиісті қалалық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

**Тұтынушыларға ескерту:
Төмендегі ақпарат ЕО
директиваларын қолданатын
елдерде ғана сатылатын
жабдық үшін қолданылады.**

Бұл өнім Sony Corporation ұйымы арқылы немесе соның атынан жасалды, 1-7-1 Konan Minato-ku Токио, 108-0075 Жапония. Еуропалық Одақ заңнамасына қарай өнімнің сәйкестігіне қатысты сұраулар мына өкілетті өкілдікке жіберілуі керек: Sony Deutschland GmbH, Hedelfinger Strasse 61, 70327 Штутгарт, Германия. Қызмет көрсету немесе кепілдік мәселелері бойынша бөлек қызмет көрсету кепілдігі құжаттарында берілген мекенжайларға хабарласыңыз.

Бұл арқылы Sony Corp. бұл жабдықтың маңызды талаптар мен 1999/5/EC директивасының басқа қатысты ережелерімен үйлесімді екендігін жариялайды.

Мәліметтер үшін келесі URL функциясына кірініз:

<http://www.compliance.sony.de/>



Нұсқаулық туралы ақпарат

- Бұл нұсқаулықтағы нұсқаулар STR-DN1040 моделі үшін арналған. Алдыңғы тақтаның төменгі оң жақ бұрышында модель нөмірі орналасқан. Бұл нұсқаулықтағы Еуропалық модельдің суреттері сіздің моделіңізден басқа болуы мүмкін. Жұмыс істеудегі кез келген айырмашылықтар нұсқаулықта «Europe model only» деп белгіленген.
- Бұл нұсқаулықтағы нұсқаулар қашықтан басқару құралымен қамтамасыз етілген ресивердің жұмысын сипаттайды.

Сондай-ақ, қашықтан басқару құралындағыдай атаулары бірдей немесе ұқсас ресивердегі түймелер мен түймешіктерді қолдануға болады.

Авторлық құқықтар бойынша

Бұл ресивер Dolby* Digital, Pro Logic Surround және DTS** Digital Surround System жүйелерін біріктіреді.

* Dolby Laboratories берген лицензия бойынша жасалған. Dolby, Pro Logic, Surround EX және қос D таңбасы — Dolby Laboratories сауда белгілері.

** Мына АҚШ патент нөмірлерімен берілген лицензия бойынша жасалған: 5,956,674; 5,974,380; 6,226,616; 6,487,535; 7,212,872; 7,333,929; 7,392,195; 7,272,567 және басқа шығарылған және аяқталмаған АҚШ және әлемдік патенттер. DTS-HD, the Symbol, & DTS-HD және Symbol — тіркелген сауда белгілері және DTS-HD HD Master Audio — DTS, Inc. корпорациясының сауда белгісі. Өнімге бағдарламалық жасақтама кіреді.

© DTS, Inc. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл ресивер High-Definition Multimedia Interface (HDMI™) технологиясын біріктіреді.

HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі — HDMI Licensing LLC ұйымының сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.

AirPlay, iPhone, iPod, iPod classic, iPod nano және iPod touch - Apple Inc. корпорациясының Америка Құрама Штаттары мен басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.

Басқа барлық сауда белгілер мен тіркелген сауда белгілер — тиісті иелерінің сауда белгілері. Бұл нұсқаулықта ™ және ® белгілері көрсетілмеген.

«Made for iPod» және «Made for iPhone» хабары электрондық аксессуардың арнайы iPod немесе iPhone құрылғыларына көрсетілген тәртіпте қосылу үшін жасалғанын, Apple жұмыс істеу стандарттарына сәйкес жасаушы арқылы сертификатталғанын білдіреді.

Apple корпорациясы бұл құрылғының жұмыс істеуі немесе оның қауіпсіздік және нормативтік стандарттарына сәйкестігі үшін жауапты емес. Бұл аксессуарды iPod немесе iPhone құрылғысымен бірге пайдалану сымсыз өнімділікке әсер ететіндігін ескеріңіз.

DLNA™, DLNA логотипі және DLNA CERTIFIED™ — Digital Living Network Alliance ұйымының сауда белгілері, қызметтік белгілері немесе сертификаттау белгілері.

«Sony Entertainment Network» логотипі және «Sony Entertainment Network» — Sony Corporation сауда белгілері.

Wake-on-LAN - Америка Құрама Штаттарындағы International Business Machines Corporation сауда белгісі.

Windows және Windows логотипі - тіркелген сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі сауда белгілері.

Бұл өнім Microsoft корпорациясының арнайы интеллектуалдық меншік құқықтарына қатысты технологиясы арқылы қорғалады. Бұл технологияны бұл өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға Microsoft корпорациясының тиісті лицензиясыңыз (лицензияларыңыз) тыйым салынады.

MPEG Layer-3 аудио кодтау технологиясы мен патенттеріне Fraunhofer IIS және Thomson компанияларынан лицензия берілген.

«x.v.Color (x.v.Colour)» және «x.v.Color (x.v.Colour)» логотипі - Sony Corporation сауда белгілері.

«BRAVIA» — Sony Corporation сауда белгісі.

«PlayStation» — Sony Computer Entertainment Inc. корпорациясының тіркелген сауда белгісі.

«WALKMAN» және «WALKMAN» логотипі - Sony Corporation тіркелген сауда белгілері.

MICROVAULT - Sony Corporation сауда белгісі.

VAIO және VAIO Media - Sony Corporation сауда белгілері.

PARTY STREAMING және PARTY STREAMING логотипі - Sony Corporation сауда белгілері.

Wi-Fi CERTIFIED логотипі - Wi-Fi Alliance ұйымының сертификаттау белгісі.

MHL, Mobile High-Definition Link және MHL Logo - MHL Licensing, LLC сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

InstaPrevue™ - Silicon Image, Inc. корпорациясының сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі.

FLAC декодері

Авторлық құқық © 2000, 2001, 2002, 2003, 2004, 2005, 2006, 2007 Josh Coalson

Бастапқы және екілік пішіндерде өзгертумен немесе өзгертусіз қайта үлестіру және пайдалану келесі шарттарды орындаған кезде рұқсат етіледі:

- Бастапқы кодтың қайта үлестірулерінде жоғарғы авторлық құқық ескертуі, осы шарттар тізімі және келесі бас тарту сақталуы қажет.
- Екілік пішінде қайта үлестірулер жоғарғы авторлық құқық ескертуін, осы шарттар тізімін және келесі қабылдамауды құжаттама немесе үлестірумен берілген басқа материалдармен шығарылуы қажет.
- Xiph.org қорының атауы не қатысушыларының аттары арнайы

алдын ала жазылған рұқсатсыз осы бағдарламалық жасақтамадан шыққан өнімдерді растау немесе жариялау үшін пайдаланылмайды.

БҮЛ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР АРҚЫЛЫ «СОЛ ҚАЛПЫНДАҒЫ» ЖӘНЕ АНЫҚ НЕМЕСЕ ҰЙҒАРЫНДЫ КЕПІЛДІКТЕР БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА АРНАЛҒАН ТАУАР КҮЙІМЕН ЖӘНЕ ЖАРАМДЫЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙДІ. ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ҚОР НЕМЕСЕ ҚАТЫСУШЫЛАР, ТІПТІ, АЙТЫЛҒАНЫМЕН ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ПАЙДАЛАНУДАН ШЫҒАТЫН КЕЛІСІМШАРТТАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТЕОРИЯСЫ, ҚАТАЛ ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕМЕСЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАН БОЛАТЫН ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, ОҚЫС, АРНАЙЫ НЕМЕСЕ АЙЫПТЫҚ ЗАҚЫМДАР (АУЫСТЫРЫЛАТЫН ТАУАРЛАР НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ; ПАЙДАЛАНУ, ДЕРЕКТЕР НЕМЕСЕ ПАЙДА ЖОҒАЛУЫ; НЕ БИЗНЕС ТҮСІНДІРМЕСІМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙДІ) ЖАУАПТЫ ЕМЕС.

Мазмұны

Нұсқаулық туралы ақпарат	3
Жинақтағы аксессуарлар	8
Бөлшектер сипаттамасы және орналасқан жері	9
Іске кірісу	21

Байланыстар

1: Динамиктерді орнату	24
2: Динамиктерді қосу	26
3: Теледидарды қосу	28
4: Басқа жабдықты қосу	29
5: Антенналарды (жер үсті) қосу	34
6: Желіге қосылу	35

Ресиверді дайындау

Айнымалы ток сымын (электр сымы) қосу	37
Ресиверді қосу	37
Easy Setup арқылы ресиверді орнату	37
Ресивердің желілік параметрлерін теңшеу	39
Graphical User Interface (GUI) операциясының нұсқауы	44

Негізгі әрекеттер

Қосылған жабдықтан кескіндерді/дыбысты тамашалау	46
iPod/iPhone ойнату	48
USB құрылғысын ойнату	50

Тюнер әрекеттері

FM/AM радиосын тыңдау	53
FM/AM радиостанцияларын алдын ала орнату (Алдын ала орнатылған жады)	54
RDS хабарлауларын алу	56

Дыбыс әсерлерін қолдану

Дыбыс өрісін таңдау	56
Эквалайзерді реттеу	60
Sound Optimizer функциясын пайдалану	60
Калибрлеу түрін таңдау	61
Pure Direct функциясын пайдалану	61
Дыбыс өрістерін зауыттық әдепкі параметрлерге кайтару	61

Желі мүмкіндіктерін қолдану

Ресивердің желілік мүмкіндіктері туралы	62
Сымсыз жүйені орнату	62
Серверде сақталған аудио мазмұнын тыңдау	69
Sony Entertainment Network (SEN) желісін қолдану	72
PARTY STREAMING функциясын қолдану	75
Музыка ағынын iTunes бағдарламасынан AirPlay функциясын пайдаланып алу	77
Бағдарламалық жасақтаманы жанарту	78
Элементті кілтсөзді қолдану арқылы іздеу	80

«BRAVIA» Sync мүмкіндіктері

«BRAVIA» Sync деген не?	81
«BRAVIA» Sync функциясын дайындау	82
One-Touch Play	82
System Audio Control	83
Жүйені өшіру	83
Scene Select	84
Home Theatre Control	84
Remote Easy Control	84
MHL құрылғысын басқару	84
HDMI бейне сигналдарын шығаратын мониторларды ауыстыру	85

Басқа операциялар

Сандық және аналогтік аудио арасында ауыстыру (INPUT MODE)	86
Басқа бейне/аудио кіріс ұяларын пайдалану (Кірісті тағайындау)	86
Екі арналы күшейткіш байланысын пайдалану	89
Бірнеше аймақтық мүмкіндіктерді пайдалану	89
Зауыттық әдепкі параметрлерге қалпына келтіру	92

Параметрлерді реттеу

Settings мәзірін қолдану	92
Easy Setup	95
Speaker Settings мәзірі	95
Audio Settings мәзірі	100
HDMI Settings мәзірі	101
Input Settings мәзірі	103
Желі параметрлерінің мәзірі ...	104
Жүйе параметрлерінің мәзірі ...	105
GUI құрылғыны қолданбай пайдалану	105

Қашықтан басқару құралын пайдалану

Қашықтан басқару құралын бағдарламалау	112
Қашықтан басқару құралын қалпына келтіру	116

Қосымша ақпарат

Сақтық шаралар	117
Ақауларды жою	118
Сипаттамалар	131
Индекс	134

Жинақтағы аксессуарлар

- Пайдалану нұсқаулары (тек Австралия үлгілері үшін) (осы нұсқаулық)
- Жылдам орнату нұсқаулығы (1)
- Сілтемелік нұсқаулық (1) (тек Еуропа үлгілері)
- Қашықтан басқару құралы (RM-ААР103) (1)
- R6 (AA өлшемді) батареялары (2)
- FM сым антеннасы (жер үсті) (1)



- АМ рамалы антеннасы (жер үсті) (1)




- Оңтайландырғыш микрофон (ЕСМ-АС2) (1)



Батареяларды қашықтан басқару құралына салу

Екі R6 (AA өлшемді) батареяларын (жинақтағы) қашықтан басқару құралына салыңыз. Батареяларды салуда полярлықтың дұрыстығын тексеріңіз.




Ескертпелер

- Қашықтан басқару құралын аса ыстық немесе ылғалды жерде қалдырмаңыз.
- Ескі құрылғылар үшін жаңа батарея қолданбаңыз.
- Марганец батареяларын батареяның басқа түрлерімен шатастырып алмаңыз.
- Қашықтан басқару құралының сенсорын тікелей күн сәулесі немесе сәуле шығаратын құрылғыларға тигізбеңіз. Бұлай ету құрылғының дұрыс істеуіне себеп болуы мүмкін.
- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақытқа қолданғыңыз келмесе, шашырау мен коррозиядан қорғау үшін батареяларды алып тастаңыз.
- Батареяларды ауыстырғанда немесе алып тастағанда бағдарламаланған кодтар жойылып кетуі мүмкін. Егер бұл орын алса, қашықтан басқару құралын қайта бағдарламалаңыз (112-бет).
- Ресивер бұдан әрі қашықтан басқару құралына жауап бермесе, барлық батареяларды жаңаларымен ауыстырыңыз.

Бөлшектер сипаттамасы және орналасқан жері

Алдыңғы тақта



1 **I/O (қосу/күту режимі)** (37, 61, 92 беттер)

Түйме үстіндегі индикатор келесідей жанады:

Жасыл: Ресивер қосылған.

Сары: Ресивер күту режимінде және – «Control for HDMI» (101-бет) немесе «Network Standby» (104-бет) тармағы «On» күйіне орнатылған.

– «Pass Through» параметрі (102-бет) «On»* немесе «Auto» күйіне орнатылған.

– 2-аймақтағы ресивер қосылған (91-бет).

Ресивер күту режимінде тұрса және «Control for HDMI», «Pass Through» және «Network Standby» параметрлері «Off» күйіне орнатылғанда сөнеді.

* Тек Австралия үлгілері үшін.

Ескерте

Егер индикатор баяу жыпылықтаса, бағдарлық жасақтаманы жанарту жүріп жатқанын білдіреді (78-бет).

2 **SPEAKERS (39-бет)**

3 **TUNING MODE, TUNING +/-**

Тюнерді (FM/AM) басқару үшін TUNING MODE басыңыз.

Станцияны тексеру үшін TUNING +/- басыңыз.

4 **A.F.D./2CH, MOVIE, MUSIC (46, 56, 61 беттер)**

5 **Дисплей тақтасы (11-бет)**

6 **SOUND OPTIMIZER (60-бет)**

7 **INPUT MODE (86-бет)**


8 **DIMMER**

Дисплей тақтасының ашықтығын 3 деңгейде реттейді.

9 **DISPLAY (110-бет)**

- 10 Қашықтан басқару құралының сенсоры**
Қашықтан басқару құралынан сигналдар қабылдайды.
- 11 PURE DIRECT (61 бет)**
Түйме үстіндегі индикатор Pure Direct функциясы қосулы болғанда жанады.
- 12 MASTER VOLUME (46, 99 беттер)**
- 13 INPUT SELECTOR (39, 46, 86 беттер)**
- 14 HDMI/MHL (VIDEO 2 IN) ұясы (32-бет)**
- 15 Ψ (USB) порты (34-бет)**
- 16 AUTO CAL MIC ұясы**
- 17 PHONES ұясы**
Құлаққаптарға қосылады.

Дисплей тақтасындағы индикаторлар



1 Кіріс индикаторы

Ағымдағы кіріс индикаторын көрсету үшін жанады.

HDMI

Ресивер HDMI IN ұясы арқылы қосылған жабдықты тани алады.

ARC

ТД кірісі таңдалған және Audio Return Channel (ARC) сигналдары анықталған.

COAX

Сандық сигнал COAXIAL ұясы (86-бет) арқылы кіреді.

OPT

Сандық сигнал OPTICAL ұясы (86-бет) арқылы кіреді.

2 PARTY

PARTY STREAMING функциясы іске қосылғанда жанады (75-бет).

3 S.OPTIMIZER

Sound Optimizer функциясы іске қосылғанда жанады (60-бет).

4 D.C.A.C.

Auto Calibration функциясының өлшеу нәтижелері қолданылғанда жанады.

5 Dolby Digital Surround индикаторы*

Ресивер Dolby Digital пішіміндегі сигналдарға сәйкес қайта кодталса, тиісті индикатор жанады.

 Dolby Digital

 TrueHD Dolby TrueHD

6 DTS(-HD) индикаторы*

Ресивер DTS пішіміндегі сигналдарға сәйкес қайта кодталғанда, тиісті индикатор жанады.

 DTS

 DTS-HD

7 Динамик жүйесінің индикаторы (39-бет)

8 Реттеу индикаторы

ST

Ресивер стерео хабарлау күйіне келтірілгенде жанады.

MEM

Preset Memory (54-бет), т.б. сияқты жад функциясы іске қосылғанда жанады.

9 HDMI OUT A + B (85-бет)

10 SLEEP

Sleep Timer функциясы белсендірілгенде жанады (15-бет).

11 EQ

Эквалайзер белсендірілгенде жанады.

12 D.L.L.

Digital Legato Linear (D.L.L.) функциясы іске қосылғанда жанады (100-бет).

13 D.R.C.





Динамикалық ауқымды сығымдау белсендірілгенде жанады (101-бет).

14 NEO:6

DTS Neo:6 Cinema/Music қайта кодтау белсендірілгенде жанады (58, 58 беттері).

15 Dolby Pro Logic индикаторы

Ресивер Dolby Pro Logic процесі орындалса, тиісті индикатор жанады. Бұл матрица көлемді қайта кодтау технологиясы кіріс сигналдарын жетілдіреді.

-  **PL** Dolby Pro Logic
-  **PLII** Dolby Pro Logic II
-  **PLIIx** Dolby Pro Logic IIx
-  **PLIIz** Dolby Pro Logic IIz

Ескертпе

Бұл индикаторлар динамик үлгісінің параметріне байланысты жанбауы мүмкін.

16 ZONE 2

2-аймақтағы операция қосылғанда жанады.

17 A.P.M.




A.P.M. (Automatic Phase Matching) функциясы қосылғанда жанады. A.P.M. функциясын тек DCAC (Digital Cinema Auto Calibration) функциясында орната аласыз (97-бет).

18 UPDATE

Жаңа бағдарламалық жасақтама қолжетімді болғанда (78-бет).

19 Сымсыз LAN сигналы күшінің индикаторы

Сымсыз LAN сигналының күшін көрсету үшін жанады (41, 43 беттер).

- Сигнал жоқ.
-  Сигнал күші әлсіз.
-  Сигнал күші орташа.
-  Сигнал күші мықты.

20 Сымды LAN индикаторы


LAN кабелі қосылғанда жанады.

21 USB




iPod/iPhone немесе USB құрылғысы анықталғанда жанады.

* Dolby Digital немесе DTS пішімді дискіні ойнату кезінде сандық байланыстардың аяқталғанын, «INPUT MODE» режимінің «ANALOG» (86-бет) күйіне орнатылмағанын және «2ch Analog Direct» күйінің таңдалмағанын тексеріңіз.



Артқы тақта




1 DIGITAL INPUT/OUTPUT бөлімі

-  HDMI IN/OUT* ұялары (28, 31 беттер)
-  OPTICAL IN ұялары (28, 33 беттер)
-  COAXIAL IN ұясы (33-бет)



2 TUNER бөлімі

-  FM ANTENNA ұясы (34-бет)
-  AM ANTENNA терминалдары (34-бет)

3 Sony жабдығының және басқа сыртқы жабдықтың ұяларын басқарады

-  IR REMOTE IN/OUT ұялары (90-бет)





4 NETWORK бөлімі

-  LAN порты** (36-бет)
-  Сымсыз LAN антеннасы (36-бет)


5 SPEAKERS бөлімі (26-бет)



6 AUDIO INPUT/OUTPUT бөлімі

-  Ақ (L) AUDIO IN ұялары (33 бет)
-  Қызыл (R) AUDIO IN ұялары (33 бет)
-  Қара SUBWOOFER OUT ұялары (26-бет)
-  ZONE 2 OUT ұялары (90-бет)

7 VIDEO INPUT/OUTPUT бөлімі (28, 33 беттер)

-  Сары VIDEO IN/OUT* ұялары

8 COMPONENT VIDEO INPUT/ OUTPUT бөлімі (28, 33 беттер)

Жасыл (Y)

Көк (Pb) Y, Pb, Pr IN/OUT* ұялары

Қызыл (Pr)


* Тандалған кіріс кескінін қарау үшін HDMI OUT немесе MONITOR OUT ұясын теледидарыңызға қосуыңыз керек (28-бет).

** Бұл портты техникалық жөндеу және қызмет көрсету үшін де пайдалана аласыз (104-бет).

Қашықтан басқару құралы

Осы ресиверді және басқа жабдықты қолдану үшін жинақтағы қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз. Қашықтан басқару құралы Sony аудио/ бейне жабдығын қолдану үшін алдын ала орнатылған. Қашықтан басқару құралын Sony компаниясы шығармаған жабдықты қолдану үшін де бағдарламалай аласыз. Мәліметтерді «Қашықтан басқару құралын бағдарламалау» (112-бет) бөлімінен қараңыз.

RM-AAP103



1 I/⏻ (қосу/күту режимі)

Ресиверді қосады немесе күту режиміне орнатады.
ZONE (20) түймесін қашықтан басқару құралын 2-аймақ режиміне қосу үшін баса аласыз немесе I/⏻ (91-бет) түймесін пайдаланып өшіре аласыз.

Күту режимінде қуатты сақтау
«Control for HDMI», «Pass Through» және «Network Standby» параметрлері «Off» күйіне орнатылса, 2-аймақтағы ресивер өшіріледі.

2 AV I/⏻¹ (қосу/күту режимі)

Қашықтан басқару құралы басқаруға бағдарламаланған аудио/бейне жабдығын қосады немесе өшіреді.
ТД қосу немесе өшіру үшін TV (21) түймесін басып, содан кейін AV I/⏻ түймесін басыңыз.

Ескертпе

AV I/⏻ түймесінің функциясы кіріс түймелерін (5) басқан сайын автоматты түрде ауысады.

3 SLEEP

AMP (4) түймесін басып, содан кейін ресивердің белгіленген уақыттан кейін автоматты түрде өшуі үшін SLEEP түймесін басыңыз.
SLEEP түймесін басқан сайын дисплей төмендегідей циклді өзгереді:

0:30:00 → 1:00:00 → 1:30:00 →
2:00:00 → OFF

Keңестер

- Ресивер өшірілмес бұрын қалған уақытты тексеру үшін SLEEP түймесін басыңыз. Қалған уақыт дисплей тақтасында шығады.
- Ұйқы таймері функциясы келесіні орындағанда тоқтатылады:
 - SLEEP түймесін қайтадан басқанда.
 - Ресивердің бағдарламалық жасақтамасы жаңартқанда.
 - I/⏻ түймесін басыңыз.

TV INPUT

TV (21) түймесін басып, содан кейін кіріс сигналын (ТД немесе бейне кірісі) таңдау үшін TV INPUT түймесін басыңыз.

4 AMP

Ресивер операциясын негізгі аймақ үшін белсендіреді (110-бет).

5 Кіріс түймелері²

Қолданғыңыз келген жабдықты таңдайды. Кіріс түймелерінің кез келгенін басқанда ресивер қосылады. Кіріс түймелері оларды таңдағанда Sony жабдығын автоматты түрде басқару үшін алдын ала тағайындалған.
Қашықтан басқару құралын Sony компаниясы шығармаған жабдықты 112-бет беттегі «Қашықтан басқару құралын басқару» бөліміндегі қадамдарды сақтап бағдарламалай аласыз.

6 HDMI OUTPUT (85-бет)

7 Сандық/мәтіндік түймелер¹⁾²

Келесіні басу
– алдын ала орнатылған станцияларды алдын ала орнату/реттеу үшін басыңыз (54-бет).
– трек нөмірлерін таңдаңыз. 10-трек нөмірін таңдау үшін 0/10 түймесін басыңыз.
– арна нөмірлерін таңдаңыз.
– әріптерді таңдаңыз (ABC, DEF, т.б.).
– желі мүмкіндіктері үшін таңбаларды енгізгенде тыныс белгілері (!, ?, т.б.) немесе белгілер (#, %, т.б.) үшін @ таңдаңыз.

TV (21) түймесін басып, ТД арналарын таңдау үшін сандық түймелерді басыңыз.

ENT (ENTER)¹

Арнаны, дискті немесе жолақты сандық түймелерді пайдаланып таңдағаннан кейін мәнді енгізеді.

CHARACTER

Желі мүмкіндіктері үшін таңба түрін таңдайды.

CHARACTER түймесін басқан сайын таңба түрі келесі ретпен ауысады:

«abc» (кіші әріптер) → «ABC» (бас әріптер) → «123» (сандар)

CLR (CLEAR)¹⁾

Келесіні басу

– желі мүмкіндіктеріне арналған әріпті жою үшін басыңыз.

– кате сандық/мәтіндік түймені басқанда оларды жойыңыз.

-/-¹⁾

Арнаға кіру режимін, бір не екі санды таңдайды.

TV (21) түймесін басып, содан кейін ТД арнасына кіру режимін таңдау үшін -/- түймелерін басыңыз.

>10¹⁾

10-нан асатын трек сандарын таңдайды.

INPUT MODE (86-бет)

8) AMP MENU

Ресиверді басқару үшін мәзірді көрсетеді (105-бет).

9) ⊕¹⁾ ⬆/⬇/⬅/➡¹⁾

Мәзір элементтерін таңдау үшін ⬆/⬇/⬅/➡ түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды енгізу/растау үшін ⊕ түймесін таңдаңыз.

10) OPTIONS¹⁾

Опциялар мәзірлерінен элементтерді көрсетеді және таңдайды.

TV (21) түймесін басып, ТД функциясының опцияларын көрсету үшін OPTIONS түймесін басыңыз.

11) HOME¹⁾

Қашықтан басқару құралымен қазір басқарылып отырған аудио/бейне жабдығының мәзірін көрсетеді. Мысалы, AMP (4) түймесін басып, содан кейін бастапқы мәзірді көрсету үшін HOME түймесін басыңыз (44-бет).

Кіріс түймелерін (5) басып, содан кейін басқарғыңыз келген жабдықтың мәзірін көрсету үшін HOME түймесін басыңыз.

12) ◀◀/▶▶¹⁾, ◀◀/▶▶¹⁾, ▶¹⁾²⁾, ||¹⁾, ■¹⁾

Операцияны өткізіп жіберу, артқа/ алға, ойнату, кідірту, тоқтату.

PRESET +/-¹⁾

Алдын ала орнатылған станцияларды немесе арналарды таңдайды.

TUNING +/-

Станцияны сканерлейді.

D.TUNING²⁾

Тікелей күйге келтіру режимін енгізеді.

PARTY START/CLOSE

PARTY сеансын бастайды немесе жабады (76-бет).

PARTY JOIN/LEAVE

PARTY сеансына қосылады немесе шығады (76-бет).

☒ (Нұсқаулық)¹⁾

TV (21) түймесін басып, содан кейін экрандық бағдарлама нұсқаулығын көрсету үшін ☒ (Нұсқаулық) түймесін басыңыз.

REPEAT¹⁾

Тректі немесе қалтаны бірнеше рет ойнатады.

SHUFFLE¹⁾

Тректі немесе қалтаны ерікті тәртіпте ойнатады.

13) PROG +/-¹⁾²⁾

TV (21) түймесін басып, алдын ала орнатылған ТД арналарын сканерлеу үшін PROG +/- түймесін басыңыз.

SOUND FIELD +/-²⁾

Дыбыс өрісін таңдайды (56-бет).

14) ALPHABET SEARCH

Элементті кілтсөзбен іздейді (80-бет).

ALPHABET PREVIOUS

Алдыңғы элементті іздейді.




ALPHABET NEXT

Келесі элементті іздейді.

PREVIEW (HDMI)

«Preview for HDMI» функциясын таңдайды.

Осы ресиверге қосылған HDMI кірістерінің жанды сурет ішіндегі суретті алдын ала қарау параметрін қосады.

HDMI кірісін қарау үшін / түймесін бірнеше рет басып, содан кейін таңдауды енгізу/растау үшін  түймесін басыңыз.

(Бұл мүмкіндік Silicon Image InstaPrevue™ технологиясы арқылы қуатталады)

Ескертпе

«Preview for HDMI» функциясы HDMI BD, DVD, GAME және VIDEO 2 кірісі үшін қолжетімді.

Keңестер

- Бұл функция келесі жағдайларда істемейді: Жабдық HDMI кіріс ұясына қосылмаған.
 - Қолдау көрсетілетін HDMI кіріс ұясына қосылған жабдық өшірілген.
 - Ағымдағы кіріс HDMI кірісі емес.
 - «Fast View» параметрі «Off» күйіне орнатылғанда.
 - Қолдау көрсетілмейтін HDMI бейне пішімі (480i, 576i, 4K, кейбір 3D бейне сигналы, кейбір бейне камера сигналы немесе VGA сигналы) кіріс болып табылғанда.
- 4K немесе кейбір 3D бейне сигналы кіріс болса, сурет ішіндегі суретті алдын ала қарау параметрі өшіріледі.

TOP MENU¹⁾

BD-ROM немесе DVD бас мәзірін ашады немесе жабады.

POP UP/MENU¹⁾

BD-ROM қалқымалы мәзірін немесе DVD мәзірін ашады немесе жабады.

15 iPhone CTRL

iPod/iPhone құрылғыларын пайдалану кезінде iPod/iPhone басқару режиміне кіреді.



MEMORY

Тюнер операциясы барысында станцияны сақтайды.

16 (Дыбыссыз)¹⁾



Дыбысты уақытша өшіреді.

Дыбысты қалпына келтіру үшін түймені қайта басыңыз.

TV () түймесін басып, содан кейін ТД дыбыссыздату функциясын белсендіру үшін  түймесін басыңыз.



17 (Дыбыс) +/-¹⁾

Бір уақытта барлық динамиктердің дыбыс деңгейін реттейді.

TV () түймесін басып, содан кейін ТД дыбыс деңгейін реттеу үшін  +/- түймелерін басыңыз.


18 RETURN ¹⁾

Мәзір немесе экрандағы нұсқаулық теледидар экранында көрсетілгенде алдыңғы мәзірге оралады немесе мәзірден шығады.

TV () түймесін басып, содан кейін Sony теледидарының алдыңғы мәзіріне қайту үшін RETURN  түймесін басыңыз.

19 DISPLAY¹⁾

Дисплей тақтасындағы ақпаратты қарайды.

TV () түймесін басып, ТД ақпаратын көрсету үшін DISPLAY түймесін басыңыз.

20 ZONE (91-бет)

21 ТД

Сары түспен басып шығарылған түймелерді белсендіру үшін қашықтан басқару құралының түймесінің функциясын ауыстырады.

22 RM SET UP

Қашықтан басқару құралын бағдарламалайды (112-бет).

23 PURE DIRECT (61-бет)

¹⁾ Әр жабдықты басқару үшін пайдалануға болатын түймелер туралы ақпарат алу үшін 19-бет және 20 беттердегі кестені қараңыз.

2) VIDEO 2, 5, ►/D.TUNING және PROG +/ SOUND FIELD + түймелерінің қолға сезілетін нүктелері бар. Ресиверді қолданған кезде қолға сезілетін нүктені белгі ретінде пайдаланыңыз.

Ескертмелер

- Жоғарыда берілген түсініктеме мысалдар ретінде орындауды көздейді.
- Қосылған жабдықтың үлгісіне байланысты осы бөлімде түсініктеме берілген кейбір функциялар жинақтағы қашықтан басқару құралы арқылы істемеуі мүмкін.

Басқа Sony жабдығын басқару үшін

Атауы	TD	VCR	DVD ойнатқышы, DVD/VCR тіркесімі	Blu-ray Disc ойнатқыш	HDD рекордер	PSX	Video CD ойнатқышы, LD ойнатқышы
2 AV II/⏻	●	●	●	●	●	●	●
7 Сандық түймелер	●	●	●	●	●	●	●
ENT (ENTER)	●	●	●	●	●	●	● ^{b)}
CLR (CLEAR)			●	●		●	
-/--	●				●		
>10		●					●
9 ↕/↔/↔/↔, ⊕	●	●	●	●	●	●	
10 OPTIONS	●		●	●	●	●	
11 HOME	●	●	●	●	●	●	
12 I◀◀/▶▶I	●	●	●	●	●	●	●
PRESET +/-							
◀◀/▶▶	●	●	●	●	●	●	●
▶, II, ■	●	●	●	●	●	●	●
☰ (Нұсқаулық)	●		● ^{a)}	●	●	●	
REPEAT							● ^{c)}
SHUFFLE							● ^{c)}
13 PROG +/-	●						
14 TOP MENU, POP UP/ MENU			●	●		●	
16 🔊 (Дыбыссыз)	●						
17 🔊 (Дыбыс) +/-	●						
18 RETURN ♂↶	●		●	●	●	●	●
19 DISPLAY	●	●	●	●	●	●	●

a) Тек DVD ойнатқышы.

b) Тек LD ойнатқышы.

c) Тек Video CD ойнатқышы.

Атауы	Сандық CATV терминалы	DSS	Сандық спутниктік/ жерлік ресивері	Магнитоф ондық дека A/B	DAT декасы	CD ойнатқышы, MD декасы
2 AV I/⏻	●	●	●		●	●
7 Сандық түймелер	●	●	●	●	●	●
ENT (ENTER)	●	●	●	●	●	●
CLR (CLEAR)						
-/--		●	●			
>10				●		●
9 ⬆/⬇/⬅/⬄, ⊕	●	●	●			
10 OPTIONS	●	●				
11 HOME	●	●	●			
12 I◀◀/▶▶I	●			● ^{d)}	●	●
PRESET +/-		●	●			
◀◀/▶▶	●			●	●	●
▶, II, ■	●			●	●	●
☰ (Нұсқаулық)	●		●			
REPEAT				● ^{d)}	●	●
SHUFFLE						●
13 PROG +/-						
14 TOP MENU, POP UP/ MENU						
16 ❌ (Дыбыссыз)						
17 ∟ (Дыбыс) +/-						
18 RETURN ↶	●	●	●			
19 DISPLAY	●	●	●	● ^{d)}	●	●

^{d)} Тек В декасы.

Іске кірісу

Ресиверге қосылған аудио/бейне жабдығын төмендегі қарапайым қадамдарды орындау арқылы қолдануға болады.


Сымдарды жалғамас бұрын айнымалы ток сымының (электр сымы) ажыратылғанын тексеріңіз.

Динамиктерді орнату және қосу (24, 26 беттер)



ТД және басқа жабдықты қосу (28, 29 беттер)

Кескіннің сапасы қосу ұясына байланысты. Төмендегі суретті қараңыз. Жабдықтағы ұяларға сәйкес байланысты таңдаңыз. HDMI ұялары болса, бейне жабдығын HDMI байланысы арқылы қосуды ұсынамыз.



Жоғары сапалы кескін



Ресиверді дайындау

«Айнымалы ток сымын (электр сымы) қосу» (37-бет) және «Ресиверді қосу» (37-бет) беттерін қараңыз.



Ресиверді орнату

«Easy Setup арқылы ресиверді орнату» (37-бет) бөлімін қараңыз.



Қосылған жабдықтағы аудио шығыс параметрлерін орнату

Көп арналы сандық аудио шығару үшін қосылған жабдықтағы сандық аудио шығыс параметрлерін тексеріңіз.

Sony Blu-ray Disc ойнатқышы үшін «Audio (HDMI)», «BD Audio MIX Setting», «Dolby Digital/DTS», «Dolby Digital» және «DTS» параметрлерінің сәйкесінше «Auto», «Off», «Bitstream», «Dolby Digital» және «DTS» күйлеріне орнатылғанын тексеріңіз (1-тамыз, 2012).

PlayStation 3 үшін ресиверді HDMI кабелі арқылы қосқаннан кейін «Sound Settings» ішіндегі «Audio Output Settings» параметрін таңдап, «HDMI» және «Automatic» параметрін таңдаңыз (4.2.1 жүйелік бағдарлама жасақтамасының нұсқасымен). Мәліметтерді қосылған жабдыкқа қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Бейне сигналдарын түрлендіруге арналған функция

Бұл ресивер бейне сигналдарын түрлендіретін функциямен жабдықталған. Бейне сигналдар немесе құрамдастың бейне сигналдарын HDMI бейне сигналдары ретінде шығаруға болады. Әдепкі параметр ретінде қосылған жабдықтың бейне сигналдарының кірісі кестеде үзیکсіз көрсеткімен көрсетілгендей шығады.

INPUT ұясы	OUTPUT ұясы
HDMI IN	HDMI OUT
COMPONENT VIDEO IN	COMPONENT VIDEO MONITOR OUT
VIDEO IN	MONITOR OUT

—————> : Кіріс сигналындай сигнал түрі шығады.

- - - - -> : Бейне сигналдардың жиілігі жоғарылатып, шығарылады (4K дейін).

Бейне сигналдарын түрлендіру туралы ескертпелер

- Бейне сигналдары VCR, т.б. құралдардан шыққанда, олар осы ресиверде жиілігі жоғарылатылып, теледидарда көрсетіледі. Бейне сигналының шығысының күйіне байланысты, ТД экранындағы кескін көлденең бұрмалануы не мүлде көрсетілмей шығуы мүмкін.
- VCR құралыңыздағы кескінді жақсарту схемасын пайдалансаңыз, ол бейне сигналының түрленуіне әсер етуі мүмкін. VCR құралыңыздың бұл функциясын өшіру ұсынылады.
- Түрлендірілген HDMI кескінінің шығысы «x.v.Color (x.v.Colour)», Deep Color (Deep Colour) және 3D пішімдеріне қолдау көрсетпейді.
- HDMI бейне сигналдарын құрамдастың бейне сигналдарына немесе бейне сигналдарға түрлендіру мүмкін емес.
- Құрамдастың жиілігі 1080 пиксель бейне сигналдарын жоғарылатуға болады.

Ресивер арқылы қолдау көрсетілетін сандық аудио пішімдер

Ресивер қайта кодтайтын сандық аудио пішімдер қосылған жабдықтың сандық аудио шығыс ұяларына тәуелді. Ресиверде төмендегі аудио пішімдерге қолдау көрсетіледі.

Аудио пішім [Display]	Арналардың ең көп саны	Ойнату жабдығы мен ресивер арасындағы байланыс	
		COAXIAL/OPTICAL	HDMI
Dolby Digital [DOLBY D]	5.1	○	○ ^{c)}
Dolby Digital EX [DOLBY D EX]	6.1	○	○ ^{c)}
Dolby Digital Plus ^{a)} [DOLBY D +]	7.1	×	○ ^{c)}
Dolby TrueHD ^{a)} [DOLBY HD]	7.1	×	○
DTS [DTS]	5.1	○	○ ^{c)}
DTS-ES [DTS-ES]	6.1	○	○ ^{c)}
DTS 96/24 [DTS 96/24]	5.1	○	○ ^{c)}
DTS-HD High Resolution Audio ^{a)} [DTS-HD HR]	7.1	×	○ ^{c)}
DTS-HD Master Audio ^{a)b)} [DTS-HD MA]	7.1	×	○
DSD ^{a)} [DSD]	5.1	×	○
Бірнеше арналы Linear PCM ^{a)} [PCM]	7.1	×	○ ^{c)}

^{a)} Ойнату жабдығы пішімге сай келмесе, аудио сигналдар басқа пішімде шығарылады.

Мәліметтерді ойнату жабдығына қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.


^{b)} 96 кГц аса дискреттеу жиілігіндегі сигналдар 96 кГц немесе 88,2 кГц деңгейінде ойнатылады.

^{c)} MHL үйлесімді бастапқы құрылғыны HDMI/MHL (VIDEO 2 IN) ұясына қосқан кезде бұл пішімдер MHL арқылы қолдау көрсетіледі.

1: Динамиктерді орнату

Ресивер 7.2 арна жүйесіне дейін пайдалануға мүмкіндік береді (7 динамик және 2 сабвуфер).

Динамик жүйесі конфигурациясының үлгісі



- A** Алдыңғы динамик (сол жақ)
- B** Алдыңғы динамик (оң жақ)
- C** Ортаңғы динамик
- D** Көлемді динамик (сол жақ)
- E** Көлемді динамик (оң жақ)
- F** Көлемді артқы динамик (сол жақ)*
- G** Көлемді артқы динамик (оң жақ)*
- H** Артқы жоғарғы динамик (сол жақ)*
- I** Артқы жоғарғы динамик (оң жақ)*
- J** Сабвуфер

* Көлемді артқы динамиктер мен алдыңғы жоғарғы динамиктерді бір уақытта қолдану мүмкін емес.


5.1 арнасының динамик жүйесі

Театрға ұқсас көп арналы көлемді дыбысты толықтай қолдану үшін бес динамик (екі алдыңғы динамик, ортаңғы динамик және екі көлемді динамик) және сабвуфер қажет.


Көлемді артқы динамиктерді қолданатын 7.1 арнасының динамик жүйесі

DVD дискісінің жоғары дәлдікте шығарылуын немесе Blu-ray Disc бағдарламалық жасақтамасының 6.1 немесе 7.1 арнасының пішімінде жазылған дыбысын толықтай пайдалануға болады.

- 6.1 арна динамигін орналастыру
Көлемді артқы динамикті тыңдау орнының артына орналастырыңыз.




- 7.1 арна динамигін орналастыру
Көлемді артқы динамиктерді төменде берілген суреттегідей орналастырыңыз. **A** бұрышы бірдей болу керек.




Алдыңғы жоғарғы динамиктерді қолданатын 7.1 арнасының динамик жүйесі

Қосымша екі алдыңғы жоғарғы динамиктерін қосу арқылы көлденең дыбыс әсерлерін қолдануға болады. Алдыңғы жоғарғы динамиктерді орналастыру – 25° және 35° арасындағы бұрышта.



– Биіктегі $20^\circ \pm 5^\circ$ бұрышта.




Кеңес

Сабвуфер жоғары бағытталған сигналдар шығармаса, оны қалаған жеріңізге орналастыруға болады.

2: Динамиктерді қосу

Сымдарды жалғамас бұрын айнаымалы ток сымының (электр сымы) ажыратылғанын тексеріңіз.



- A** Көп дыбысты аудио сымы (жинақта берілмеген)
- B** Динамик сымы (жинақта берілмеген)


- * Сабвуфер авто күту функциясымен жалғанса, бейнелерді қарау кезінде функцияны өшіріңіз. Авто күту функциясы қосылса, сабвуфер үшін кіріс деңгейіне автоматты түрде негізделген күту режиміне ауысып, дыбыс шықпауы мүмкін.
- ** SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарының байланысы бойынша ескертпелер.
 - Тек бір көлемді артқы динамикті қосылса, оны осы терминалдардың L динамигіне қосыңыз.
 - Қосымша алдыңғы динамик жүйесі болса, оларды осы терминалдарға қосыңыз. «Front B Speakers» үшін SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарын Speaker Settings мәзіріндегі «Динамик байланысы» тармағын пайдаланып тағайындаңыз (97-бет). Қалаған алдыңғы динамик жүйесін ресивердегі SPEAKERS түймесін пайдаланып таңдай аласыз (39-бет).
 - Алдыңғы динамиктерді осы терминалдарға екі арналы күшейткіш байланысын қолдану арқылы қосуға болады (27-бет). «Bi-Amplifier Connection» үшін SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарын Speaker Settings мәзірін пайдаланып тағайындаңыз (97-бет).

Ескертпе

Динамикті орнатып, қосқаннан кейін қалаған динамик үлгісін Speaker Settings мәзіріндегі «Speaker Connection» тармағын пайдаланып орнатқаныңызға көз жеткізіңіз (97-бет).

Екі арналы күшейткіш байланысы

Көлемді артқы динамиктерді және алдыңғы жоғарғы динамиктерді пайдаланбаңыз, алдыңғы динамиктерді SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарына екі арналы күшейткіш байланысын пайдаланып қосуыңызға болады.




Алдыңғы динамиктердің Lo (немесе Hi) жағындағы ұяларды SPEAKERS FRONT A терминалдарына қосыңыз және алдыңғы динамиктердің Hi (немесе Lo) жағындағы ұяларды SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарына қосыңыз. Динамиктерге бекітілген Hi/Lo жағының металл арматуралары ресивердің дұрыс жұмыс істемеуіне жол бермеу үшін динамиктерден шығарылғанын тексеріңіз. Екі арналы күшейткіш байланысын орнатқаннан кейін, «Bi-Amplifier Connection» үшін SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарының тағайындауларын «Speaker Connection» тармағымен Speaker Settings мәзірінде орындаңыз (97-бет).

3: Теледидарды қосу

HDMI OUT немесе MONITOR OUT ұяшығын теледидарға қосқанда тандалған кіріс кескінін қарауға болады. Бұл ресиверді GUI (Graphical User Interface) пайдаланып басқаруыңызға болады. GUI мүмкіндігі тек HDMI OUT A және HDMI OUT B ұяларына арналған.

Сымдарды жалғамас бұрын айнымалы ток сымының (электр сымы) ажыратылғанын тексеріңіз.



- A** Құрамдастық бейне сымы (жинақта берілмеген)
- B** Бейне сым (жинақта берілмеген)
- C** Аудио сым (жинақта берілмеген)
- D** Оптикалық сандық сым (жинақта берілмеген)

- E** HDMI кабелі (жинақта берілмеген)
Sony корпорациясы HDMI-рұқсатты кабелін немесе Sony HDMI кабелін пайдалануды ұсынады.

————— Ұсынылған байланыс
- - - - - Баламалы байланыс

Ресиверден көп арналы көлемді дыбыста теледидар хабарлауын пайдалану үшін

* Теледидар Audio Return Channel (ARC) функциясымен үйлесімді болса, **Б** қосыңыз. HDMI Settings мәзірінде «Control for HDMI» параметрі «On» күйіне орнатылғанын тексеріңіз (82-бет). HDMI кабелінен басқа аудио сигналды таңдағыңыз келсе (мысалы, оптикалық сандық сым немесе аудио сым арқылы), INPUT MODE режимін қолдану арқылы аудио кіріс режиміне ауыстырыңыз (86-бет).

Егер сіздің теледидарыңыз ARC функциясымен үйлесімді болса, **С немесе **Д** қосыңыз.

ТД дыбысы өшірілгенін немесе теледидардың дыбыссыз функциясы белсендірілгенін тексеріңіз.

Ескертпелер

- ТД мониторын немесе проекторын ресивердегі HDMI OUT немесе MONITOR OUT ұясына қосыңыз.
- Теледидар мен антенна (жер үсті) арасындағы байланыс күйіне байланысты ТД экранындағы кескін бұзылуы мүмкін. Бұндай жағдайда антеннаны (жер үсті) ресиверден алыс орналастырыңыз.
- Оптикалық сандық сымдарды қосқан кезде тығындарды орнына басылғанша тігінен салыңыз.
- Оптикалық сандық сымдарды майыстырмаңыз немесе байламаңыз.

Кеңестер

- Барлық сандық аудио ұялар 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц және 96 кГц дискреттеу жиіліктеріне сәйкес келеді.
- Ресивердің бейнені түрлендіру функциясы бар. Мәліметтерді «Бейне сигналдарын түрлендіруге арналған функция» (22-бет) бөлімінен қараңыз.
- Ресиверге жалғанған динамиктерден теледидар дыбысын шығару үшін теледидардың аудио шығыс ұясын ресивердің TV IN ұяларына қосқан кезде «Fixed» немесе «Variable» арасында ауыстырылатын теледидардың дыбыс шығысының ұясын «Fixed» күйіне орнатыңыз.

Теледидар дыбысын есту

Теледидарда System Audio Control функциясына қолдау көрсетілмесе, HDMI Settings мәзірінде «TV+AMP» параметрін «HDMI Audio Out» күйіне орнатыңыз (102-бет).

4: Басқа жабдықты қосу

HDMI байланысын қолдану

High-Definition Multimedia Interface (HDMI) - бейне және аудио сигналдарды сандық пішімде тасымалдайтын интерфейс.

Sony «BRAVIA» Sync үйлесімді жабдықты HDMI кабельдері арқылы қосу жұмыстарды жеңілдетеді. «BRAVIA» Sync мүмкіндіктері» (81-бет) бөлімін қараңыз.

HDMI мүмкіндіктері

- HDMI арқылы тасымалданатын сандық аудио сигналдар ресиверге жалғанған динамиктерден шығарылады. Бұл сигнал Dolby Digital, DTS, DSD және Linear PCM үшін қолдау көрсетеді. Мәліметтерді «Ресивер арқылы қолдау көрсетілетін сандық аудио пішімдер» (23-бет) бөлімінен қараңыз.
- Ресивер 192 кГц немесе одан аз дискреттеу жиілігіндегі HDMI байланысы арқылы Multi Channel Linear PCM (8 арнаға дейін) қабылдайды.
- Ресивердің VIDEO ұясы немесе COMPONENT VIDEO ұяларына кірген аналогтік бейне сигналдарын HDMI сигналдары ретінде шығаруға болады (22-бет). Кескін түрленген кезде HDMI OUT ұяларынан аудио сигналдары шықпайды.

- Бұл ресивер High Bitrate Audio (DTS-HD Master Audio, Dolby TrueHD), Deep Color (Deep Colour), «x.v.Color (x.v.Colour)» және 4K немесе 3D тасымалына қолдау көрсетеді.
- 3D кескіндерді көру үшін 3D үйлесімді теледидар және бейне жабдығын (Blu-ray Disc ойнатқышы, Blu-ray Disc рекордері, PlayStation 3, т.б.) жоғары жылдамдықты HDMI кабельдерін қолдану арқылы ресиверге қосып, 3D көзілдіріктерін алып, 3D үйлесімді мазмұнды ойнатыңыз.
- 4K (HDMI BD, GAME және VIDEO 1 кірісі) кескіндерді көру үшін 4K үйлесімді теледидар және бейне жабдығын (Blu-ray Disc ойнатқышы, т.б.) жоғары жылдамдықты HDMI кабельдерін қолдану арқылы ресиверге қосып, 4K үйлесімді мазмұнды ойнатыңыз.
- HDMI BD, DVD, GAME және VIDEO 2 кірістерін кескін ішіндегі кескінді алдын ала қарау режимінде көруге болады.
- Жоғары жылдамдықты HDMI кабелін қолданыңыз. Стандартты HDMI кабелін, 1080p, Deep Color (Deep Colour) қолданғанда, 4K немесе 3D кескіндер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- HDMI-DVI түрлендіру кабелін қолдану ұсынылмайды. HDMI-DVI түрлендіру кабелін DVI-D жабдығына қосқан кезде дыбыс және кескін жоғалуы мүмкін. Бөлек аудио сымдарын немесе сандық қосу сымдарын жалғап, дыбыс дұрыс шықпағанда кіріс ұяларын қайта тағайындаңыз. Мәліметтерді «Басқа бейне/аудио кіріс ұяларын пайдалану (Кірісті тағайындау)» (86-бет) бөлімінен қараңыз.
- Оптикалық сандық сымдарды қосқан кезде тығындарды орнына басылғанша тігінен салыңыз.
- Оптикалық сандық сымдарды майыстырмаңыз немесе байламаңыз.

Кеңес

Барлық сандық аудио ұялар 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц және 96 кГц дискреттеу жиіліктеріне сәйкес келеді.

HDMI байланысындағы ескертпелер

- Теледидар немесе бейне жабдығына байланысты 4K немесе 3D кескіндері көрсетілмеуі мүмкін. Ресивер қолдау көрсететін HDMI бейне пішімдерін тексеріңіз (132-бет).
- Мәліметтерді әр қосылған жабдыққа қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Сымдарды қосқан кезде

- Сымдарды жалғамас бұрын айнымалы ток сымның (электр сымы) ажыратылғанын тексеріңіз.
- Барлық сымдарды жалғау қажет емес. Қосылған жабдықтағы ұялардың қол жетімділігіне сәйкес қосыңыз.

Бірнеше сандық жабдықты қосу керек болса, бірақ қолданылмайтын кіріс табылмаса


«Басқа бейне/аудио кіріс ұяларын пайдалану (Кірісті тағайындау)» (86-бет) бөлімін қараңыз.

Бейне сигналдарды түрлендіру

Бұл ресивер бейне сигналдарын түрлендіретін функциямен жабдықталған. Мәліметтерді «Бейне сигналдарын түрлендіруге арналған функция» (22-бет) бөлімінен қараңыз.

HDMI ұялары арқылы жабдықты қосу

Жабдықтың HDMI ұясы болмаса, 33 бетті қараңыз.



Ескертпелер

- Бұл HDMI байланысы үлгі болып табылады. Сіз кез келген HDMI жабдығын, алдыңғы панельдегі HDMI кірісімен қоса, кез келген HDMI кірістеріне қоса аласыз.
- SA-CD/CD және BD кірістері жақсы дыбыс сапасына ие. Жоғары дыбыс сапасын қаласаңыз, жабдығыңызды осы ұяларға қосып, оларды кіріс ретінде танданыз.
- Қосылған жабдықты басқару үшін түймені пайдалану мақсатымен қашықтан басқару құралындағы кіріс түймесінің әдепкі параметрге өзгертілгенін тексеріңіз. Мәліметтерді «Қашықтан басқару құралын бағдарламалау» (112-бет) бөлімінен қараңыз.
- Сіз кірістің атын ресивердің дисплей тақтасында көрсету үшін қайта ағай аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін кіріс параметрлері мәзіріндегі «Name» бөлімін қараңыз (103-бет).


MHL байланысын қолдану

MHL дегеніміз не?

MHL (Mobile High-Definition Link) - ұялы телефондарды және тасымалы құрылғыларды HDTV теледидарларына және басқа үйдегі ойын-сауық өнімдеріне қосуға арналған HD бейне және сандық аудио интерфейсі. MHL бір уақытта 1080 пиксель HD бейне және сандық аудио сигналдарына қолдау көрсетеді және тасымалы құрылғыны қуатпен қамтиды. Ұялы телефон мен ол қосып тұрған қатынасты басқару үшін TD немесе басқа үйдегі ойын-сауық өнімдерінің қашықтан басқаруын қосады (84-бет).

MHL- (Mobile High-Definition Link) үйлесімді тасымалы құрылғыны аудио/бейне мазмұндарына қосу

Бұл ресивер MHL 2 технологиясына ие.



A MHL кабелі (жинақта берілмеген)

MHL2 үйлесімді кабелді пайдаланыңыз.


Sony компаниясы Sony MHL кабелін пайдалануды ұсынады.

B MHL тікелей тіркеу құрылғысы (жинақта берілмеген)

Ескертпелер

- MHL үйлесімді тасымалы құрылғысы ресивер қосылу болғанда оның HDMI/MHL (VIDEO 2 IN) ұясы арқылы зарядталады.
- Сіз VIDEO 2 кірісінің атын ресивердің дисплей тақтасында көрсету үшін қайта ағай аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін кіріс параметрлері мәзіріндегі «Name» бөлімін қараңыз (103-бет).

HDMI ұяшықтарынан басқа ұяшықтар арқылы жабдықты қосу




- A** Оптикалық сандық сым
(жинақта берілмеген)
- B** Аудио сым (жинақта берілмеген)
- C** Құрамдастың бейне сымы
(жинақта берілмеген)
- D** Бейне сым (жинақта берілмеген)
- E** Коаксиалдық сандық сым
(жинақта берілмеген)

———— Ұсынылған байланыс

----- Баламалы байланыс

* Жабдықты OPTICAL ұясы арқылы қосқанда, кіріс ұяларын қайта тағайындаңыз. Мәліметтерді «Басқа бейне/аудио кіріс ұяларын пайдалану (Кірісті тағайындау)» (86-бет) бөлімінен қараңыз.

iPod, iPhone, USB құрылғысын қосу




- A** USB кабелі (жинақта берілмеген)

5: Антенналарды (жер үсті) қосу

Антенналарды (жер үсті) жалғамас бұрын айнаымалы ток сымының (электр сымы) ажыратылғанын тексеріңіз.

AM рамалы антеннасы (жер үсті)
(жинақта берілген)

FM сым антеннасы (жер үсті)
(жинақта берілген)



Ескертпелер

- Шулы кедергіні алдын алу үшін AM рамалы антенна (жер үсті) ресиверден және басқа жабдыктан алыс ұстаныңыз.
- FM сым антеннасын (жер үсті) толықтай тартылғанын тексеріңіз.
- FM сым антеннасын (жер үсті) қосқаннан соң, оны мүмкіндігінше көлденең ұстаныңыз.

6: Желіге қосылу

Интернет байланысы бар болса, осы ресиверді оған да қоса аласыз. Сымсыз және сымды LAN байланысы арқылы қосыла аласыз.

Жүйе талаптары

Келесі жүйе ортасы ресивердің желі функциясын пайдалану үшін қажет.

Жылдамдығы жоғары желі байланысы

Интернетпен жылдамдығы жоғары желі байланысы Sony Entertainment Network (SEN) желісін тыңдау үшін және ресивердің бағдарламалық жасақтамасын жаңарту үшін қажет.

Модем

Бұл интернетпен байланысу үшін жылдамдығы жоғары желіге қосылған құрылғы. Мына құрылғылардың кейбірі маршрутизатормен біріккен.

Маршрутизатор

- Үйдегі желінің мазмұнын тыңдау үшін 100 Мбит/с не одан жоғары тасымалдау жылдамдықтарымен үйлесімді маршрутизаторды қолданыңыз.
- Кірістірілген DHCP (Dynamic Host Configuration Protocol) сервері бар маршрутизаторды қолдануды ұсынамыз.
Бұл функция LAN маршрутизаторындағы IP мекенжайын автоматты түрде тағайындайды.
- Сымсыз LAN байланысын қолданғыңыз келсе, сымсыз LAN маршрутизаторын/қатынасу орнын қолданыңыз.

LAN кабелі (CAT5) (тек сымды LAN байланысына арналған)

- Сымды LAN үшін кабельдің осы түрін қолдануды ұсынамыз. Кейбір жалпақ түрлі LAN кабельдері шу әсеріне тез ұшырайды. Әдепкі түрлі кабельдерді қолдануды ұсынамыз.
- Егер ресивер электр өнімдерінен қуатпен қамту шуы бар немесе шулы желі ортасыда қолданылса, қалқаналған LAN кабелін қолдануды ұсынамыз.

Сервер


Сервер - мазмұнды (музыка, фотосуреттер және бейнелер) үйдегі желідегі DLNA құрылғысына жіберетін құрылғы болып табылады. Сервер (компьютер, т.б.) ретінде пайдаланатын құрылғы сымсыз немесе сымды LAN үйдегі желісіне* қосылған болуы керек.

* Осы ресивермен үйлесімді құрылғылар туралы қосымша мәлімет алу үшін 62-бет қараңыз.

Теңшеу мысалы

Келесі сурет үйдегі желінің ресивер және сервермен теңшеу мысалы болып табылады.

Серверді сымды байланысқа ие маршрутизаторға қосуды ұсынамыз.



A Тек сымды LAN байланысына арналған.

B Тек сымсыз LAN байланысына арналған.

Сымсыз LAN маршрутизаторын/қатынасу орнын пайдаланатыныңызды тексеріңіз.

Ескертпе


Сымсыз байланыс кей уақытта аудио ойнатуға кедергі келтіруі мүмкін.

Ресиверді дайындау


Айнымалы ток сымын (электр сымы) қосу

Айнымалы ток сымын (электр сымы) қабырға розеткасына қосыңыз.

Айнымалы ток сымы (электр сымы)



Ресиверді қосу



Ресиверді қосу үшін I/O түймесін басыңыз.

Сондай-ақ ресиверді қашықтан басқару құралындағы I/O түймесін басу арқылы қосуға да болады. Ресиверді өшіргенде I/O түймесін қайта басыңыз.

«STANDBY» дисплей тақтасында көрінеді. «STANDBY» көрінген кезде айнымалы ток сымын (электр сымы) ажыратпаңыз. Бұл ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Easy Setup арқылы ресиверді орнату

Теледидар экранындағы нұсқауларға сәйкес ресиверді оңай қолдану арқылы ресивердің негізгі параметрлерін орнатуға болады.

ТД кірісін ресивер қосылған кіріске ауыстырыңыз.

Ресиверді бірінші рет қосқанда немесе ресивер баптандырылғаннан соң теледидар экранында Easy Setup экраны пайда болады. Ресиверді Easy Setup экранындағы нұсқауларға сәйкес орнатуды жалғастырыңыз.

Easy Setup экраны арқылы төмендегі функцияларды орнатуға болады.

- Speaker Settings
- Желілік параметрлер

Speaker Settings бойынша ескертпелер (Auto Calibration)

Бұл ресивер DCAC (Digital Cinema Auto Calibration) функциясы арқылы жабықталады, ол төмендегідей автоматты түрде калибрлеуге мүмкіндік береді:

- Әр динамик пен ресивер арасындағы байланысты тексеріңіз.
- Динамик деңгейін реттеңіз.

- Әр динамик пен отырған жеріңіз арасындағы қашықтықты өлшеңіз.¹⁾
- Динамикті өлшеңіз.¹⁾
- Жиілік сипаттамаларын өлшеңіз (EQ).¹⁾
- Жиілік сипаттамаларын өлшеңіз (Phase).¹⁾²⁾

1) «2ch Analog Direct» параметрі таңдалса, өлшеу нәтижесі қолданылмайды.

2) Жіберу жиілігі 48 кГц шамасынан көп болатын Dolby TrueHD немесе DTS-HD сигналдары қабылданған кезде өлшеу нәтижесі қолданылмайды.

DCAS функциясы бөлмеңіз үшін дұрыс дыбыс теңдігін алу үшін арналған. Дегенмен, динамик деңгейлерін қалауыңызша қолмен реттеуге болады. Мәліметтерді «Test Tone» бөлімінен қараңыз (99-бет).

Auto Calibration орындамас бұрын

Auto Calibration орындамас бұрын, төмендегі тармақтарды тексеріңіз.

- Динамиктерді орнатыңыз және қосыңыз (24, 26 беттер).
- AUTO CAL MIC ұясына тек жинақта берілген оңтайландырғыш микрофонды қосыңыз. Бұл ұяға басқа микрофондарды жалғаманыз.
- «Bi-Amplifier Connection» үшін SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарын, екі арналы күшейткіш байланысын пайдалансаңыз, Speaker Settings мәзіріндегі «Bising the «Speaker Connection» тармағы арқылы тағайындаңыз (97-бет).
- «Front B Speakers» үшін SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарының тағайындауын, алдыңғы B байланысының динамиктерін пайдалансаңыз, Speaker Settings мәзіріндегі «Speaker Connection» тармағын пайдаланып орнатыңыз (97-бет).


- Динамик шығысының «SPK OFF» күйіне орнатылмағанын тексеріңіз (39-бет).
- PARTY STREAMING функциясын қолданып жатпағаныңызға көз жеткізіңіз (75-бет).
- Құлаққаптарды ажыратыңыз.
- Өлшеу кателеріне жол бермеу үшін оңтайландырғыш микрофон мен динамиктер арасындағы жолдағы кедергілерді жойыңыз.
- Ортаның тыныш екеніне көз жеткізу арқылы дәл өлшем алыңыз.

Ескертелер

- Динамиктер калибрлеу кезінде қатты дыбыс шығарады және дыбыс реттелмейді. Көршілерді және балаларды көзбе-көз бақылаңыз.
- Дыбыссыз функция Auto Calibration орындамас бұрын белсендірілсе, дыбыссыз функция автоматты түрде өшеді.
- Дәл өлшеу алынбауы мүмкін немесе Auto Calibration диполь сияқты динамиктерді пайдалану кезінде орындалмауы мүмкін.

Белсенді сабвуферді растау

- Сабвуфер жалғанған кезде сабвуферді қосып, сабвуферді белсендіру алдында дыбыс деңгейін жоғарылатыңыз. Орталық нүкте алдындағы LEVEL деңгейіне дейін бұраңыз.
- Сабвуфер қиылысу жиілігі функциясы арқылы қосылса, дыбысты барынша жоғарылатыңыз.
- Сабвуфер авто күту функциясы арқылы қосылса, оны өшіріңіз (өшірілген).




Ескертпе

Қолданыстағы сабвуфердің сипаттамасына байланысты қашықтық мәні маңызды орыннан өзгеше болуы мүмкін.

Алдыңғы динамиктерді таңдау

Басқарғыңыз келетін алдыңғы динамиктерді таңдай аласыз. Осы жұмысты орындау үшін ресивердегі түймелерді қолдануды ұмытпаңыз.

SPEAKERS



Басқарғыңыз келетін алдыңғы динамик жүйесін таңдау үшін SPEAKERS түймесін бірнеше рет басыңыз.

Таңдалған динамиктердің терминалдарын дисплей тақтасындағы индикаторлары тексеру арқылы растай аласыз.

Индикаторлар	Таңдалған динамиктер
SP A	SPEAKERS FRONT A терминалдарына қосылған динамиктер.
SP B*	SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/ FRONT B терминалдарына қосылған динамиктер.
SP A+B*	SPEAKERS FRONT A және SPEAKERS SURROUND BACK/ BI-AMP/FRONT HIGH/ FRONT B терминалдарының (параллель байланыс) екеуіне де қосылған динамиктер.

Индикаторлар Таңдалған динамиктер

Дисплей тақтасында «SPK OFF» пайда болады. Аудио сигналдар ешқандай динамик терминалдарынан шықпайды.


«SP B» немесе «SP A+B» таңдау үшін, «Front B Speakers» арналған SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/ FRONT B терминалдарын Speaker Settings мәзіріндегі «Speaker Connection» тармағын пайдаланып тағайындаңыз (97-бет).

Ескертпе

Құлаққаптар қосулы болса, бұл параметр қол жетімді емес.

Авто калибрлеуден бас тарту

Авто калибрлеу функциясы өлшеу процесі кезінде келесіні орындағанда тоқтатылады:

- I/O түймесін басыңыз.
- Қашықтан басқару құралындағы кіріс түймелерін басыңыз немесе ресиверде INPUT SELECTOR параметрін қосыңыз.
-  түймесін басыңыз.
- Ресиверде SPEAKERS түймесін басыңыз.
- Дыбыс деңгейін өзгертіңіз.
- Құлаққаптарды жалғаңыз.

Ресиверді қолмен орнату

«Параметрлерді реттеу» (92-бет) бөлімін қараңыз.

Ресивердің желілік параметрлерін теңшеу

Home Network, SEN, AirPlay, және PARTY STREAMING функцияларын қолдану үшін ресивердің желі параметрлері дұрыс орнатылуы тиіс.

Сымсыз LAN байланысын қолдану

Сымсыз желіні орнатудың бірнеше жолдары бар: қатынасу орнын іздеу, WPS байланысу әдісі қолдану (түймені басу арқылы не PIN код әдісі) немесе колмен орнату.

Ескертпелер

- Медициналық жабдық (кардиостимулятор сияқты) немесе сымсыз байланысты қолдануға тыйым салынған жерлерде сымсыз LAN функциясын пайдаланбаңыз.
- Үйдегі желіге қосылудан бұрын сымсыз LAN маршрутизаторың/қатынасу орнын дайындауыңыз қажет. Мәліметтерді құрылғының пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Үйдегі желіңізге байланысты сымсыз LAN маршрутизаторы/қатынасу орнын WPS үйлесімді болса да, WPS қолданып байланыса алмауы мүмкін. Сымсыз LAN маршрутизаторыңыздың/қатынасу орнының WPS функциясымен үйлесімділігі туралы мәліметтерді қарау үшін сымсыз LAN маршрутизаторыңыздың/қатынасу орнын пайдалану нұсқаулықтарын қараңыз.
- Ресивер немесе сымсыз LAN маршрутизаторы/қатынасу орны бір-бірінен алыс орналасса орнату қиындықтарымен қақтығысуыңыз мүмкін. Осылай болған жағдайда, құрылғыларды жақын қойыңыз.

Қатынасу орнын іздеу және сымсыз желіні орнату (Access Point Scan әдісі)


Сымсыз желіні қатынасу орнын іздеу арқылы орната аласыз. Желіні осы әдіспен орнату үшін сізге келесі ақпаратты таңдау немесе енгізу қажет болады. Олай болмаса, келесі ақпаратты алдын ала тексеріп, оны төменде берілген орынға жазыңыз.

- Желіңізді анықтайтын (SSID*) желі аты**. (Бұл 7-қадамда қажет болады.)

- Егер сіздің сымсыз үйдегі желіңіз шифрлануымен қорғалған болса, желіңізге арналған қауіпсіздік кілті (WEP кілті, WPA/WPA2 кілті)**.
- (Бұл 8-қадамда қажет болады.)

* SSID (қызметті орнату анықтаушы) арнайы қатынасу орнын анықтайтын атау болып табылады.

** Бұл ақпаратты сіздің сымсыз LAN маршрутизаторыңыздың/қатынасу орнының жапсырмасынан, пайдалану нұсқаулықтарынан, сымсыз желіңізді орнатқан адамнан немесе интернет қызметіңіздің провайдерінен алуға болады.



- 1** AMP түймесін басып, содан кейін HOME түймесін басыңыз. ТД экранында бастапқы мәзір көрсетіледі.
- 2** «Settings» таңдау үшін **↔/↔** түймесін бірнеше рет басыңыз, сонан соң **+** түймесін басыңыз. Settings мәзірінің тізімі теледидар экранында пайда болады.
- 3** «Network» таңдау үшін **↕/↕/↕** түймесін бірнеше рет басып, содан кейін **+** басыңыз.
- 4** «Internet Setting» таңдау үшін **↕/↕** түймесін бірнеше рет басып, содан кейін **+** басыңыз.

5 «Wireless» таңдау үшін **↕/↔** түймесін бірнеше рет басыңыз, сонан соң **+** түймесін басыңыз.

6 «Access Point Scan» таңдау үшін **↕/↔** түймесін бірнеше рет басыңыз, содан кейін **+** басыңыз.

Ресивер қатынасу орындарын іздеуді бастап, 30-ға дейін қолжетімді желі атының (SSID) тізімін көрсетеді.

7 Қалаған желі атын (SSID) таңдау үшін **↕/↔** түймесін басыңыз, сонан соң **+** түймесін басыңыз. Қауіпсіздік параметрі теледидар экранында пайда болады.

8 Қауіпсіздік кілтін (WEP кілті, WPA/WPA2 кілті) экрандағы пернетақтаны пайдаланып енгізіңіз. Таңбаны бірінен кейін бірін таңдау үшін **↕/↔/↔/↔** және **+** түймелерін басыңыз. Содан кейін «Enter» тармағын таңдап, қауіпсіздік кілтін растау үшін **+** түймесін басыңыз.

Теледидар экранында «How to acquire the IP Address» жазуы пайда болады.


9 «Auto» параметрін таңдау үшін **↕/↔** түймесін бірнеше рет басыңыз, сонан соң **+** түймесін басыңыз.

Орнатылған IP мекенжайын қолданғанда

«Manual» параметрін таңдап, содан кейін **+** түймесін басыңыз. IP мекенжайын енгізу өрісі теледидар экранында пайда болады. «IP Address» арналған мәнді экрандағы пернетақтаны пайдаланып енгізіңіз. Таңбаны бірінен кейін бірін таңдау үшін **↕/↔/↔/↔** және **+** түймелерін басыңыз. Содан кейін «Enter» тармағын таңдап, мәнді растау үшін **+** түймесін басыңыз.

Одан әрі «Subnet Mask» және «Default Gateway», «Primary DNS», «Secondary DNS» үшін мән енгізіңіз. Сонан соң «Next» тармағын таңдап, **+** түймесін басыңыз.

10 «Ok» таңдау үшін **↕/↔** бірнеше рет басып, содан кейін **+** басыңыз.

«Желіге қосылу. Күте тұрыңыз.» жазуы ТД экранында пайда болады. Желі параметрлері орнатылып болғаннан кейін «Network Settings are now complete and the receiver has been successfully connected to the network.» жазуы пайда болады және дисплей тақтасында «» белгісі жанады. Network Settings мәзіріне оралу үшін **+** түймесін басыңыз. (Желі ортасына байланысты желі параметрлерін орнату үшін біраз уақыт кетугі мүмкін.)

11 Сервер параметрлерін орнатыңыз.

Серверде сақталған аудио мазмұнды тыңдау үшін алдымен серверіңізді орнатуыңыз қажет (62-бет).

Ескертпе

Егер сіздің желіңіз шифрмен (қауіпсіздік кілтін қолданып) қорғалмаған болса, 8-қадамда қауіпсіздік параметрі пайда болмайды.

Кеңес

Желі параметрлерін тексеру кезінде «Ақпарат» (104-бет) қараңыз.

Қалаған желі атын (SSID) таба алмасаңыз (қолмен орнату әдісі)

Қалаған желі аты тізімде пайда болмаса, оны (SSID) қолмен енгізе аласыз.

1 «Қатынасу орнын іздеу және сымсыз желіні орнату (Access Point Scan әдісі)» (40-бет) бөліміндегі 6-қадамда «Manual Registration» тармағын таңдаңыз.

- 2 «Direct Input» таңдау үшін бірнеше рет **▲/▼** түймесін басыңыз, содан кейін **⊕** басыңыз.
- 3 Желі атын (SSID) экрандағы пернетақтаны пайдаланып енгізіңіз. Таңбаны бірінен кейін бірін таңдау үшін **▲/▼/◀/▶** және **⊕** түймелерін басыңыз. Содан кейін «Enter» тармағын таңдап, **⊕** түймесін басыңыз. Енгізген атау тіркеледі.
- 4 Қалаған қауіпсіздік параметрін таңдау үшін **▲/▼** бірнеше рет басыңыз, сонан соң **⊕** түймесін басыңыз.
- 5 «Қатынасу орнын іздеу және сымсыз желіні орнату (Access Point Scan әдісі)» (40-бет) бөліміндегі 8-11 қадамдарды орындаңыз.

Сымсыз желіні WPS үйлесімді қатынасу орнын қолданып орнату

Сіз сымсыз желіні WPS үйлесімді қатынасу орнын қолданып оңай орната аласыз. WPS параметрін түймені басу конфигурациясы әдісімен немесе PIN (Personal Identification Number) коды әдісін қолданып жасай аласыз.

WPS (Wi-Fi Protected Setup) деген не?

WPS - Wi-Fi Alliance ұйымының сізге сымсыз желіні оңай және қауіпсіз орнатуға мүмкіндік беру үшін жасаған стандарты.

Сымсыз желіні WPS түймені басу конфигурациясы әдісімен орнату


Сіз WPS сымсыз желі байланысын белгіленген түймені басу арқылы оңай орната аласыз.


- 1 «Қатынасу орнын іздеу және сымсыз желіні орнату (Access

Point Scan әдісі)» (40-бет) бөліміндегі 6-қадамдағы «WPS Push» тармағын таңдаңыз.

- 2 Экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз және қатынасу орнындағы WPS түймесін басыңыз.

Хабар: «Қатынасу орнындағы WPS түймесін 2 минут ішінде басыңыз».



Желі параметрлері аяқталғаннан кейін «Network Settings are now complete and the receiver has been successfully connected to the network.» жазуы пайда болады және дисплей панелінде «» жанады. Network Settings мәзіріне оралу үшін **⊕** түймесін басыңыз.

(Желі ортасына байланысты желі параметрлерін орнату үшін біраз уақыт кетуі мүмкін.)

- 3 Сервер параметрлерін орнатыңыз. Серверде сақталған аудио мазмұнды тыңдау үшін алдымен серверіңізді орнатуыңыз қажет (62-бет).

Кеңес

Желі параметрлерін тексеру кезінде «Ақпарат» (104-бет) қараңыз.

Сымсыз желіні WPS PIN коды әдісімен орнату

Егер қатынасу орны WPS PIN (Personal Identification Number) кодына қолдау көрсетсе, WPS сымсыз байланысын ресивердің PIN кодын сымсыз LAN маршрутизаторына/қатынасу орнына енгізу арқылы орната аласыз.

- 1 «Қатынасу орнын іздеу және сымсыз желіні орнату (Access Point Scan әдісі)» (40-бет) бөліміндегі 6-қадамда «Manual Registration» тармағын таңдаңыз.

- 2 «WPS PIN» тармағын таңдау үшін **↕/↗** түймесін бірнеше рет басыңыз, сонан соң **⊕** түймесін басыңыз.

Қолжетімді SSID (қатынасу орны) тізімі пайда болады.

Ескертпе

WPS PIN функциясына қолдау көрсетпейтін SSID бұлыңғыр болып пайда болады және оны таңдау мүмкін емес.

- 3 Қалаған желі атын (SSID) таңдау үшін **↕/↗** түймесін басыңыз, сонан соң **⊕** түймесін басыңыз.

Ресивердің PIN коды (8 таңба) ТД экранында пайда болады. Байланыс аяқталмағанша PIN кодын көрсетулі күйінде қалдырыңыз. (Сіз осы әрекетті орындаған сайын әртүрлі PIN коды пайда болады.)

- 4 Ресивердің PIN кодын сымсыз LAN маршрутизаторына/қатынасу орнына енгізіңіз.

Ресивердің желі параметрлерін орнатуды бастайды.

Желі параметрлері аяқталғаннан кейін «Network Settings are now complete and the receiver has been successfully connected to the network.» жазуы пайда болады және дисплей панелінде **📶** жанады. Network Settings мәзіріне оралу үшін **⊕** түймесін басыңыз.

(Желі ортасына байланысты желі параметрлерін орнату үшін біраз уақыт кетуі мүмкін.)

- 5 Сервер параметрлерін орнатыңыз.

Серверде сақталған аудио мазмұнды тыңдау үшін алдымен серверіңізді орнатуыңыз қажет (62-бет).

Кеңестер

- Желі параметрлерін тексеру кезінде «Ақпарат» (104-бет) қараңыз.
- PIN кодын сымсыз LAN маршрутизаторына/қатынасу орнына енгізу туралы қосымша мәліметтерді сымсыз LAN маршрутизаторының/қатынасу орнының пайдалану нұсқаулықтарынан қараңыз.

Сымды LAN байланысын қолдану

- 1 «Қатынасу орнын іздеу және сымсыз желіні орнату (Access Point Scan әдісі)» (40-бет) бөліміндегі 5-қадамдағы «Wired» тармағын таңдаңыз.

Теледидар экранында «How to acquire the IP Address» жазуы пайда болады.

- 2 «Auto» таңдау үшін **↕/↗** түймесін бірнеше рет басыңыз, сонан соң **⊕** түймесін басыңыз.

Орнатылған IP мекенжайын қолданғанда

«Manual» параметрін таңдап, содан кейін **⊕** түймесін басыңыз. IP мекенжайын енгізу өрісі теледидар экранында пайда болады.

«IP Address» арналған мәнді экрандағы пернетақтаны пайдаланып енгізіңіз. Таңбаны бірінен кейін бірін таңдау үшін **↕/↗/↘/↙** және **⊕** түймелерін басыңыз. Содан кейін «Enter» тармағын таңдап, мәнді растау үшін **⊕** түймесін басыңыз. Одан әрі «Subnet Mask» және «Default Gateway», «Primary DNS», «Secondary DNS» үшін мән енгізіңіз. Сонан соң «Next» тармағын таңдап, **⊕** түймесін басыңыз.

- 3 «Ok» таңдау үшін **↕/↗** түймесін бірнеше рет басып, содан кейін **⊕** басыңыз.

«Желіге қосылу. Күте тұрыңыз.» жазуы ТД экранында пайда болады. Желі параметрлері орнатылып болғаннан кейін «Network Settings are now complete and the receiver has been successfully connected to the network.» жазуы пайда болады. Network Settings мәзіріне оралу үшін **⊕** түймесін басыңыз. (Желі ортасына байланысты желі параметрлерін орнату үшін біраз уақыт кетуі мүмкін.)

4 Сервер параметрлерін орнатыңыз.

Серверде сақталған аудио мазмұнды тыңдау үшін алдымен серверіңізді орнатуыңыз қажет (62-бет).

Кеңес

Желі параметрлерін тексеру кезінде «Ақпарат» (104-бет) қараңыз.


Graphical User Interface (GUI) операциясының нұсқауы

Сіз ресивер мәзірін ТД экранында көрсете аласыз және қолданғыңыз келген функцияны қашықтан басқару құралындағы $\uparrow/\downarrow/\leftarrow/\rightarrow$ және \oplus түймелерін пайдаланып ТД экранында таңдай аласыз.

Ресиверді қолдануды бастаған кезде алдымен қашықтан басқару құралында AMP басуды ұмытпаңыз. Әйтпесе, орындалатын жұмыстар ресиверде жүзеге аспауы мүмкін.

Кеңес

Қашықтан басқару құралындағы AMP түймесі HOME түймесін басқанда жанады.




Мәзірді қолдану


- 1 ТД кірісін ресивер қосылған кіріске ауыстырыңыз.
- 2 AMP түймесін басып, содан кейін HOME түймесін басыңыз.

ТД экранында бастапқы мәзір көрсетіледі.

Теледидарға байланысты бастапқы мәзірдің теледидар экранында пайда болуына біраз уақыт кетуі мүмкін.



- 3 Қалаған мәзірді таңдау үшін бірнеше рет \leftarrow/\rightarrow басып, мәзірге кіру үшін \oplus түймесін басыңыз. ТД экранында мәзір тармақтарының тізімі пайда болады. Мысалы: «Watch» параметрін таңдаған кезде.




- 4 Реттегіңіз келетін мәзір тармағын таңдау үшін бірнеше рет $\uparrow/\downarrow/\leftarrow/\rightarrow$ түймесін басып, содан кейін мәзір тармағына кіру үшін \oplus басыңыз.

Кеңес

«OPTIONS» параметрі экранның төменгі оң жақ бөлігінде пайда болғанда OPTIONS параметрін басып, тиісті функцияны таңдау арқылы функциялар тізімін көрсетуге болады.

Алдыңғы экранға оралу

RETURN  түймесін басыңыз.


Мәзірден шығу

Бастапқы мәзірді көрсету үшін HOME басып, HOME түймесін қайта басыңыз.

Бастапқы мәзірлерді шолу


Мәзір	Сипаттама
Watch	Ресиверіне кіретін бейне көзін таңдайды (46-бет).
Listen	Музыканы SA-CD/CD, USB құрылғысынан, үйдегі желі немесе SEN функцияларынан таңдайды (46-бет). Ішкі тюнердің FM/AM радиосын қолдануға болады (53-бет).
Sound Effects	Әр түрлі Sony арнайы технологиялары немесе функциялары арқылы берілген дыбыс эзірленімін қолдануға болады (56-бет).
Settings	Ресивердің параметрлерін реттейді (92-бет).

Қосылған жабдықтан кескіндерді/дыбысты тамашалау



- 1** ТД кірісін ресивер қосылған кіріске ауыстырыңыз.
- 2** AMP түймесін басып, содан кейін HOME түймесін басыңыз.
ТД экранында бастапқы мәзір көрсетіледі.
Теледидарға байланысты бастапқы мәзірдің теледидар экранында

пайда болуына біраз уақыт кетуі мүмкін.



- 3** «Watch» немесе «Listen» таңдап, **+** түймесін басыңыз.
ТД экранында мәзір тармақтарының тізімі пайда болады.
- 4** Қалаған жабдықты таңдап, **+** түймесін басыңыз.
- 5** Жабдықты қосып, ойнатуды бастаңыз.
- 6** Дыбыс деңгейін реттеу үшін **+/-** түймелерін басыңыз.
Сондай-ақ, ресивердегі MASTER VOLUME параметрін пайдаланыңыз.
- 7** Көлемді дыбысты қолдану үшін **SOUND FIELD +/-** түймесін басыңыз.
Сондай-ақ, ресивердегі A.F.D./2CH, MOVIE немесе MUSIC түймелерін қолдануға болады.
Мәліметтерді 56-бет бөлімінен қараңыз.

Кеңестер

- Ресивердегі INPUT SELECTOR параметрін қосуға болады немесе қалаған жабдықты таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы кіріс түймелерін басуға болады.
- Сіз дыбыс көлемін ресивердегі MASTER VOLUME түймесін пайдаланып немесе қашықтан басқару құралындағы **+/-** түймесін пайдаланып басқаша реттеуіңізге болады.
Дыбыс деңгейін тез жоғары не төмен бұрау
– Түймешікті тез бұраңыз.
– Түймені басып тұрыңыз.
Дәл реттеу
– Түймешікті баяу бұраңыз.
– Түймені басыңыз және бірден жіберіңіз.

Дыбыссыз функцияны белсендіру

☒ түймесін басыңыз.

Дыбыссыз функция келесіні орындағанда тоқтатылады.

- ☒ түймесін қайта басыңыз.
- Дыбыс деңгейін өзгертіңіз.
- Ресиверді өшіріңіз.
- Auto Calibration функциясын орындаңыз.

Динамиктердің зақымдалуына жол бермеу

Ресиверді өшірмес бұрын дыбыс деңгейін төмендетуді ұмытпаңыз.

iPod/iPhone ойнату

iPod/iPhone құрылғыларын ресивердегі ψ (USB) портына қосу арқылы музыка мазмұнын тыңдауға болады.

iPod/iPhone құрылғыларына қосу туралы мәліметтерді 34-беттен қараңыз.

Үйлесімді iPod/iPhone модельдері

Ресивердегі келесі iPod/iPhone модельдерін қолдануға болады. iPod/iPhone құрылғыларын қолданбас бұрын соңғы бағдарламалық жасақтама арқылы жаңартыңыз.



iPhone 4S



iPhone 4



iPhone 3GS



iPhone 3G



iPod touch
4-буын



iPod touch
3-буын



iPod touch
2-буын



iPod nano
6-буын



iPod nano
5-буын
(бейне камера)



iPod nano
4-буын
(бейне)



iPod nano
3-буын
(бейне)




iPod classic

Ескертпелер

- Sony корпорациясы осы ресиверге жалғанған iPod/iPhone құрылғыларын қолданған кезде iPod/iPhone құрылғыларына жазылған деректер жойылған немесе зақымдалған жағдайда жауапты емес.
- Бұл өнім iPod/iPhone құрылғыларымен жұмыс істеуге арналып жасалған және Apple орындау стандарттарына сәйкес сертификатталған.


iPod/iPhone бақылау режимін таңдау

iPod/iPhone бақылау режимін қашықтан басқару құралындағы iPhone CTRL параметрі арқылы таңдауға болады. Сондай-ақ, теледидар экраны өшірілгенде дисплей тақтасындағы ақпаратты көру арқылы барлық жұмыстарды басқаруға болады.



- 1** Бастапқы мәзірден «Listen» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз.
- 2** «USB» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз. iPod немесе iPhone қосылса, ТД экранында «iPod/iPhone» пайда болады.
- 3** iPod/iPhone басқару режимін таңдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қашықтан басқару құралы арқылы iPod/iPhone құрылғыларын пайдалану



Келесі түймелерді қолданбас бұрын USB түймесін басыңыз.

Басу	Әрекет
▶	Ойнатуды бастайды.
, ■	Ойнатуды кідіртеді.
◀◀/▶▶	Жылдам артқа немесе жылдам алға.
◀◀/▶▶	Алдыңғы/келесі жолшыққа жылжытады.
REPEAT	Қайталау режимін енгізеді.
SHUFFLE	Кездейсоқ режимін енгізеді.
iPhone CTRL	iPod/iPhone басқару режимін таңдайды.

iPod/iPhone бойынша ескертпелер

- Ресивер қосулы болса, iPod/iPhone құрылғылары ресиверге қосылған кезде зарядталады.
- Әндерді осы ресиверден iPod/iPhone құрылғысына көшіре алмайсыз.

- iPod/iPhone құрылғыларын жұмыс кезінде шығармаңыз. iPod/iPhone құрылғыларына арналған деректердің бөлінуіне немесе зақымдалуына жол бермеу үшін iPod/iPhone құрылғысын қосу немесе шығару кезде ресиверді өшіріңіз.

iPod/iPhone хабарларының тізімі

Хабар және түсініктеме

Оқу

Ресивер iPod немесе iPhone туралы ақпаратты тануда және оқуда.

Қолдау көрсетілмейді

Қолдау көрсетілмейтін iPod немесе iPhone қосылған.

Ешқандай құрылғы қосылмаған

Ешқандай iPod немесе iPhone қосылмаған.

Трек жоқ

Ешқандай трек табылмады.

Құлаққапқа қолдау көрсетілмейді

iPod немесе iPhone қосылса, құлаққаптардан ешқандай дыбыс шықпайды.

USB құрылғысын ойнату

USB құрылғысын ресивердегі Ψ (USB) портына қосу арқылы музыканы тыңдауға болады.

USB құрылғысына қосу туралы мәліметтерді «iPod, iPhone, USB құрылғысын қосу» (34-бет) бөлімінен қараңыз.

Музыка файлының пішімдері осы ресивер арқылы төмендегідей ойнатылады:

Файл пішімі	Кеңейтімдер
MP3 (MPEG-1 Audio Layer III)	«.mp3»
AAC*	«.m4a», «.3gp», «.mp4»

Файл пішімі	Кеңейтімдер
WMA9 Standard*	«.wma»
WAV	«.wav»
FLAC	«.flac»

* Ресиверде DRM арқылы кодталған файлдар ойнатылмайды.

Үйлесімді USB құрылғылары

Осы ресиверде келесі Sony USB құрылғыларын қолдануға болады.


Расталған Sony USB құрылғысы

Өнім атауы	Үлгі атауы	
Walkman®	NWZ-A864	
	NWZ-B152F / B162F / B172	
	NWZ-E053 / E354 / E363 / E373 / E453 / E463 / E575	
	NWZ-F805 / F806N	
	NWZ-S755 / S764 / S774 / S774BT	
	NWZ-W262 / W272	
	NWZ-Z1040 / Z1070	
	NWD-W253	
	MICROVAULT	USM1GL / 4GL / 8GL / 32GL
		USM16GLX / 32GLX / 64GLX
USM4GN / 8GN / 32GN		
USM4GM / 16GM		
USM8GQ / 32GQ / 64GQ		
USM16GR / 32GR		
	USM4GS / 8GJ / 8GT / 16GS / 16GU / 64GP / 512J	

Өнім атауы	Үлгі атауы
Сандық дыбыс жазу құралы	ICD-SX713 / SX1000 / PX232 / PX333F / FX8 / TX50 / UX513F / UX523F / UX532 / UX533F
	ICZ-R50 / R51

Ескертпелер

- Ресивер NTFS пішіміндегі деректі оқымайды.
- Ресивер қатты диск драйверінің бірінші бөлігінде сақталғаннан басқа деректерді оқымайды.
- Осында тізімделген модельдер жұмысына кепілдік жоқ.
- Жұмыс осы USB құрылғыларды қолданғанның өзінде әрдайым дұрыс болмайды.
- USB құрылғылардың кейбірі белгілі аумақтарда қол жетімді болмауы мүмкін.
- Жоғарыдағы модельдерді пішімдеген кезде модельдің өзін қолдануды немесе сол модель үшін бағдарламалық жасақтаманы арнайы пішімдеуді ұмытпаңыз.
- USB құрылғыны ресиверге жалғағанда USB құрылғысында «Creating Library» немесе «Creating Database» көрсетілгеннен кейін қосуды ұмытпаңыз.

USB құрылғыны қолдану

1 Бастапқы мәзірден «Listen» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз.


2 «USB» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз.

USB құрылғы қосылса, ТД экранында «USB» параметрі пайда болады.

USB құрылғыны ресивердің қашықтан басқару құралы арқылы пайдалануға болады.

3 Мазмұн тізімінен қалаған мазмұнды таңдап, (+) түймесін басыңыз.

Таңдалған мазмұн ойнатуды бастайды және музыка мазмұны туралы ақпарат теледидар экранында пайда болады.

USB құрылғыны қашықтан басқару құралы арқылы пайдалану

Келесі түймелерді қолданбас бұрын USB түймесін басыңыз.

Басу	Әрекет
▶	Ойнатуды бастайды.
	Ойнатуды кідіртеді.
■	Ойнатуды тоқтатады.
◀◀/▶▶	Алдыңғы/келесі файлға жылжытады.
REPEAT	Қайталау режимін енгізеді.
SHUFFLE	Кездейсоқ режимін енгізеді.

USB құрылғысы бойынша ескертпелер

- USB құрылғыны жұмыс кезінде шығармаңыз. USB құрылғыға арналған деректердің бүлінуіне немесе зақымдалуына жол бермеу үшін USB құрылғысын қосу немесе шығару кезінде ресиверді өшіріңіз.
- USB кабелінің байланысы қажет болғанда, жинақта берілген USB кабелін байланыстыратын USB құрылғысына жалғаңыз. Жұмыс істеу әдісі бойынша толық мәлімет үшін байланыстыратын USB құрылғысымен қоса берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- Ресивер және USB құрылғыны USB-концентраторы арқылы жалғаманыз.
- USB құрылғысы қосылғанда ТД экранында «Reading» жазуы пайда болады.
- Қосылған USB құрылғының түріне байланысты «Reading» пайда болудан бұрын 10 секундтай уақыт өтуі мүмкін.
- USB құрылғысы қосылғанда ресивер USB құрылғысындағы барлық файлдарды оқиды. USB құрылғысында қалталар немесе файлдар көп болса, бұл USB құрылғысын оқуды аяқтау үшін ұзақ уақыт алуы мүмкін.
- Ресивер келесіге дейін таниды – 256 қалта («ROOT» қалтасымен қоса). – әр қалта үшін 256 аудио файл. – 8 қалта деңгейлері (файлдардың тармақты құрылымы, «ROOT» қалтасымен қоса).
Аудио файлдар мен қалталардың ең көп саны файл мен қалта құрылымына байланысты өзгеруі мүмкін. USB құрылғысындағы файлдардың басқа түрлерін немесе қажет емес қалталарды сақтамаңыз.
- Барлық кодтау/жазу бағдарламалық жасақтамаларымен, жазу құрылғыларымен және жазу медиасымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді. Үйлесімсіз USB құрылғысы шу немесе үзілген аудио

тудыруы мүмкін немесе мүлдем ойнатылмауы мүмкін.

- Ойнатуды бастау үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін:
 - қалта құрылымы күрделі.
 - жад сыйымдылығы шектен асты.
- Бұл ресивер қосылған USB құрылғысы ішінде берілген барлық функцияларға қажетті түрде қолдау көрсетпейді.
- Ресивер үшін ойнату реті қосылған USB құрылғысының ойнату ретінен өзгеше болуы мүмкін.
- Аудио файлдар жоқ қалталар өткізіледі.
- Өте ұзақ тректі ойнатқан кезде кейбір операциялар ойнатуды кешіктіруі мүмкін.

USB хабарларының тізімі

Хабар және түсініктеме

Оқу

Ресивер USB құрылғысы туралы ақпаратты тануда және оқуда.

Құрылғы қатесі

USB құрылғысының жады танылмады (50-бет).

Қолдау көрсетілмейді

Қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысы қосылған, белгісіз құрылғы қосылған немесе USB құрылғысы USB түймешігі арқылы қосылған (50-бет).

Ешқандай құрылғы қосылмаған

Ешқандай USB құрылғысы қосылмаған немесе қосылған USB құрылғысы танылмаған.

Ақпарат алу мүмкін емес

Аудио файлдарының/қалталарының/қалта деңгейлерінің саны ресивер тани алатын шектен асып кетті (52-бет).

Ойнату мүмкін емес

Ресивер аудио файлдарын қолдау көрсетілмейтін файл пішімі немесе ойнату шектеулеріне байланысты ойната алмайды.

Пайдаланылмайды

Рұқсат етілмеген операция орындалуда.


Трек жоқ

Ешқандай трек табылмады.

Тюнер әрекеттері

FM/AM радиосын тыңдау


FM және AM хабарлауларын ішкі тюнер арқылы тыңдауға болады. Жұмыс алдында FM және AM антенналарының (жер үсті) ресиверге жалғанғанын тексеріңіз (34-бет).



- 1 Бастапқы мәзірден «Listen» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 2 «FM/AM» таңдап, содан кейін ⊕ басыңыз.

FM/AM экраны

Экрандағы әр элементті ↑/↓/←/→ және ⊕ түймелерін басу арқылы таңдап, жұмыс істей аласыз.



- 1 Диапазонды анықтау (53-бет)
- 2 Жиілікті анықтау (53-бет)
- 3 Орнатылған станциялар тізімі (55-бет)

FM және AM радиосының арасында ауысып қосылу

- 1 Бастапқы мәзірден «Listen» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 2 «FM/AM» таңдап, содан кейін ⊕ басыңыз. FM/AM экраны пайда болады.
- 3 Диапазон анықтауын таңдаңыз.
- 4 «FM» не «AM» таңдау үшін ↑/↓ түймесін бірнеше рет басыңыз, содан кейін ⊕ басыңыз.

Станцияны автоматты түрде күйге келтіру (Auto Tuning)

- 1 FM/AM экранында жиілік анықтауын таңдаңыз.
- 2 ↑/↓ басыңыз. Төменгіден жоғарғы жиілікті станциялар арқылы шарлау үшін ↑ түймесін басыңыз, керісінше жоғарғыдан төменгіге шарлау үшін ↓ түймесін басыңыз. Ресивер станция қабылданған кезде сканерлеуді тоқтатады.

Нашар FM стереосы қабылданған жағдайда

- 1 Auto Tuning, Direct Tuning функцияларын пайдаланып тыңдағыңыз келген станцияны реттеңіз немесе орнатылған станцияның бірін таңдаңыз (53-бет).
- 2 OPTIONS түймесін басыңыз. Опциялар мәзірі пайда болады.

Ескертпе

Сіз FM режимін жиілік анықтауы таңдалған кезде опциялар мәзірінен таңдай аласыз.

- 3 «STEREO/MONO» тармағын таңдап, содан кейін (+) басыңыз.
- 4 «MONO» параметрін таңдап (+) түймесін басыңыз.

Станцияны тікелей реттеу (Direct Tuning)

Сандық түймелер арқылы станцияның жиілігін тікелей енгізуге болады.

- 1 D.TUNING түймесін басыңыз.
- 2 Жиілікті енгізу үшін сандық түймелерді басып, (+) түймесін басыңыз.

Мысал 1: FM 102.50 МГц

1 → 0 → 2 → 5 → 0 параметрін таңдаңыз.

Мысал 2: AM 1350 кГц

1 → 3 → 5 → 0 параметрін таңдаңыз

Кеңес

AM станциясын реттеу бойынша оңтайлы қабылдау үшін AM рамалы антеннасының (жер үсті) бағытын реттеңіз.

Станцияны реттеу мүмкін болмаса

«---.--- MHz» немесе «---- kHz» пайда болып, экран ағымдағы жиілікке оралады.


Дұрыс жиілік енгізілгенін тексеріңіз.

Болмаса, 2-қадамды қайталаңыз.

Станция реттелмесе, жиілік аумағыңызда қолданыста болмауы мүмкін.

FM/AM радиостанцияларын алдын ала орнату (Алдын ала орнатылған жады)

Таңдаулы станциялар ретінде 30 FM және 30 AM станцияларын сақтауға болады.



- 1 Өзгертікіз келетін станцияға Auto Tuning (53-бет) немесе Direct Tuning (54-бет) қолдану арқылы реттеуге болады.

- 2 OPTIONS түймесін басыңыз. Опциялар мәзірі пайда болады.

Ескертпе

Сіз алдын ала орнатылған жадыны жиілік анықтауы таңдалған кезде опциялар мәзірінен таңдай аласыз.

- 3 «Set Preset» параметрін таңдап, одан кейін (+) түймесін басыңыз.

- 4 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдап, (+) түймесін басыңыз. Станция таңдалған алдын ала орнатылған нөмір ретінде сақталады.

- 5 Басқа станцияны сақтау үшін 1-4 қадамдарын қайталаңыз. Станцияны төмендегідей сақтауға болады:

- AM ауқымы: AM 1 - AM 30
- FM ауқымы: FM 1 - FM 30

Алдын ала орнатылган станцияларды реттеу

- 1 Бастапкы мөзүрдөн «Listen» параметрін таңдап, ⊕ түймөсүн басыңыз.
- 2 «FM/AM» таңдап, содан кейін ⊕ басыңыз.
- 3 Тізімнен алдын ала орнатылган санды таңдап, ⊕ түймөсүн басыңыз.
1-30 алдын ала орнатылган нөмірлер қол жетімді.

Алдын ала орнатылган станцияларға ат беру (Name Input)

- 1 Атын атағыңыз келген алдын ала орнатылган санды таңдаңыз.
- 2 OPTIONS түймөсүн басыңыз.
Опциялар мөзүрі пайда болады.
- 3 «Name Input» параметрін таңдап, ⊕ түймөсүн басыңыз.
Экрандық пернетақта теледидар экранында пайда болады.
- 4 Атты енгізу үшін таңбаларды бірінен кейін бірін таңдау үшін ↑/↓/←/→ және ⊕ түймөлөрүн басыңыз.
- 5 «Enter» тармағын таңдап, содан кейін ⊕ басыңыз.
Енгізген атау тіркеледі.

Ескертпе

Теледидар экранында көрсетілетін кейбір әріптер дисплей тақтасында көрсетілмейді.

Атау кірісін болдырмау

RETURN ⏪ түймөсүн басыңыз.

RDS хабарлауларын алу

Бұл ресивер қосымша ақпаратты тұрақты бағдарлама сигналымен бірге жіберу үшін радиостанцияларына жағдай жасайтын Radio Data System (RDS) жүйесін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл ресивер бағдарлама қызметінің атауы дисплейі сияқты қолайлы RDS мүмкіндіктерін ұсынады. RDS тек FM станциялары үшін қол жетімді.*

* FM станциялардың барлығы RDS қызметін, сондай-ақ, қызметтердің ұқсас түрін қамтамасыз етпейді. Аумақтағы RDS қызметтерімен таныс болмасаңыз, мәліметтерді жергілікті радиостанцияларынан тексеріңіз.

Жай FM ауқымындағы станцияны таңдаңыз.

RDS қызметтерін қамтамасыз ететін станцияны реттегенде, теледидар экранында және дисплей тақтасында бағдарлама қызметінің атауы* пайда болады.

* RDS хабарлауы қабылданбаса, бағдарлама қызметінің атауы пайда болмайды.

Ескертпелер

- Реттелген станция RDS сигналына тасымалдамаса немесе сигнал қуаты аз болса, RDS дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Теледидар экранында көрсетілетін кейбір әріптер дисплей тақтасында көрсетілмейді.

Кеңес

Бағдарлама қызметінің атауы көрсетілгенде DISPLAY түймесін бірнеше рет басу арқылы жиілікті тексеруге болады (111-бет).

Дыбыс әсерлерін қолдану

Дыбыс өрісін таңдау

- 1** Бастапқы мәзірден «Sound Effect» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 2** «Sound Field» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3** Қалаған дыбыс өрісін таңдаңыз.

Кеңестер

- Қалаған дыбыс өрісін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы SOUND FIELD +/- түймесін басуға болады.
- Сондай-ақ, ресивердегі A.F.D./2CH, MOVIE немесе MUSIC түймелерін қолдануға болады.

Auto Format Direct (A.F.D.)/2 арналық дыбыс режимі

- **Auto Format Direct (A.F.D.) режимі:** Бұл режим жоғары дәлдікте дыбысты тыңдауға және көп арналы дыбыс ретінде 2 арналық стерео немесе монофонды дыбысты тыңдау үшін қайта кодтау режимін таңдауға мүмкіндік береді.
- **2 арналық дыбыс режимі:** Қолданыстағы бағдарламалық жасақтаманың жазу пішімдеріне, қосылған ойнату жабдығына немесе ресивердің дыбыс өрісі параметрлеріне қарамастан, шығыс дыбысын 2 арналық дыбысқа ауыстыруға болады.

■ A.F.D. Auto (A.F.D. AUTO)

Дыбысты қандай да бір көлемді әсерлерді қоспай жазылған/кодталған етіп өзгертеді.

Дегенмен, АҚШ және Канада модельдері үшін бұл ресивер LFE сигналдары қалмағанда сабуферге шығу үшін төмен жиіліктегі сигналды туындатады.

■ Multi Stereo (MULTI ST.)

Барлық динамиктерден 2 арналы сол/оң жақ немесе монофонды сигналдарды шығарады. Дегенмен, дыбыс динамик параметрлеріне байланысты белгілі динамиктерден шықпауы мүмкін.

■ 2ch Stereo (2CH ST.)

Ресивер дыбысты тек алдыңғы сол/оң жақ динамиктерден шығарады. Сабвуферден дыбыс жоқ. Стандартты 2 арналы стерео көздері толықтай дыбыс өрісі процесін айналып өтеді және көп арналы көлемді пішімдер 2 арнаға азаяды.

■ 2 ch Analog Direct (A. DIRECT)

Таңдалған кірістің аудиосын 2 арналық аналогтік кіріске ауыстыруға болады. Бұл функция жоғары сапалы аналогтік көздерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл функцияны қолданғанда, тек дыбыс пен алдыңғы динамик деңгейі реттеледі.

Ескертпе

«2 арналы Analog Direct» параметрін BD, DVD, GAME, VIDEO 2, VIDEO 3, USB, үйдегі желі, SEN және AirPlay функцияларын пайдаланған кезде таңдай алмайсыз.

Бейне режимі

Жай ресивердің алдын ала бағдарламаланған дыбыс өрістерінің бірін таңдау арқылы көлемді дыбысты қолдануға болады. Олар кинотеатрлардың тамаша және күшті дыбысын үйге әкеледі.

■ HD-D.C.S.

HD Digital Cinema Sound (HD-D.C.S.) - Sony корпорациясының соңғы акустикалық және сандық сигнал процесінің технологияларын қолданатын жаңа инновациялық үй кинотеатрының технологиясы. Ол игеру студиясының дәл өлшеу деректеріне негізделген.

Бұл режим арқылы Blu-ray және DVD бейнелерін үйде жоғары сапалы дыбыспен ғана емес, сондай-ақ, өңдеу процесінде бейненің дыбыс инженері істегендей ең жақсы дыбысты ортамен қолдана аласыз.

- **Dynamic:** Бұл параметр дыбыс шығаратын орта үшін қолайлы, бірақ кеңдік сезіміне (дыбыс жұту жеткіліксіз болса) ие емес. Ол дыбыстың әсерін күшейтеді және үлкен классикалық кинотеатрдың дыбысын жаңғыртады. Сонымен, дубляждайтын кинотеатрдың кеңдік сезімі күшейеді және акустикалық өрісі құрылады.
- **Theatre:** Бұл параметр жалпы қонақ бөлмесі үшін қолайлы. Ол кинотеатрда (дубляждайтын театрда) секілді дыбыстың шығуын жаңғыртады. Ол көбіне кинотеатрдың атмосферасын қалағанда Blu-ray Disc ойнатқышқа жазылған мазмұнды қарау үшін арналған.
- **Studio:** Бұл параметр тиісті дыбыс жабдығы бар қонақ бөлмесі үшін қолайлы. Ол театр дыбысы көзінің Blu-ray Disc ойнатқышқа үйде қолдану үшін дыбыс деңгейіне сай қайта өңделгенде шығатын дыбысты жаңғыртады. Дыбыс әсері мен шығару деңгейі төмен болады. Дегенмен, диалогтер және көлемді әсерлер жанды түрде жаңғыртылады.

■ PLII Movie

Dolby Pro Logic II Movie режимін қайта кодтауды орындайды. Бұл параметр Dolby Surround ішінде кодталатын бейнелер үшін өте оңды. Сонымен қатар, бұл режим қайта жазылған немесе ескі фильмдердің бейнелерін көруге арналған 5.1 арнасында дыбысты жаңғырта алады.

■ PLIIx Movie

Dolby Pro Logic IIx Movie режимін қайта кодтауды орындайды. Бұл параметр Dolby Pro Logic II Movie немесе Dolby Digital 5.1 арнасын 7.1 бейне арналарына дейін кеңейтеді.

■ **PLIIz Бейне (PLIIz)**

Dolby Pro Logic IIz режимін қайта кодтауды орындайды. Бұл параметр негізгі дыбысты 5.1 арнасынан тік жабдық қолданылатын 7.1 арнасына дейін кеңейте алады және қатысу әсері мен тереңдіктің өлшемін береді.

■ **Neo:6 Cinema (Neo:6 CIN)**

DTS Neo:6 Cinema режимін қайта кодтауды орындайды. 2 арналы пішімде жазылған көз 7 арна ішіне қайта кодталады.

Музыка режимі

Жай ресивердің алдын ала бағдарламаланған дыбыс өрістерінің бірін таңдау арқылы көлемді дыбысты қолдануға болады. Олар концерт залының тамаша және күшті дыбысын үйге әкеледі.

■ **Берлин филармония залы (BERLIN)**

Берлин филармония залының дыбыстық сипаттамаларын жаңғыртады.

■ **Амстердамдағы Концертгебау концерт залы (CONCERTGEB)**

Нидерланды мемлекетінде Амстердам қаласында орналасқан концерт залындағы дыбыс жазу павильонының шағылыстыру қасиетін қайта жаңғыртады.

■ **Венадағы Musikverein концерт залы (MUSIKVEREI)**

Австрия мемлекетінде Вена қаласында орналасқан концерт залының резонансты және бірегей шағылысатын дыбыс қасиетін қайта жаңғыртады.

■ **Джаз клуб (JAZZ)**

Джаз клубтың акустикасын жаңғыртады.

■ **Жанды концерт (CONCERT)**

300 орынды жанды үйдің акустикасын жаңғыртады.

■ **Стадион (STADIUM)**

Үлкен ашық аспан астындағы стадион әсерін жаңғыртады.

■ **Спорт (SPORTS)**

Спорт хабарын тарату сезімін жаңғыртады.

■ **Портативті аудио (PORTABLE)**

Портативті аудио құрылғыдан анық жетілдірілген дыбыс кескінін жаңғыртады. Бұл режим MP3 және басқа сығылған музыка үшін өте оңды.

■ **PLII Music**

Dolby Pro Logic II Music режимін қайта кодтауды орындайды. Бұл параметр CD сияқты қалыпты стерео көздер үшін өте оңды.

■ **PLIIx Music**

Dolby Pro Logic II Music режимін қайта кодтауды орындайды. Бұл параметр CD сияқты қалыпты стерео көздер үшін өте оңды.

■ **PLIIz Музыка (PLIIz)**

Dolby Pro Logic IIz режимін қайта кодтауды орындайды. Бұл параметр негізгі дыбысты 5.1 арнасынан тік жабдық қолданылатын 7.1 арнасына дейін кеңейте алады және қатысу әсері мен тереңдіктің өлшемін береді.

■ **Neo:6 Music (Neo:6 MUS)**

DTS Neo:6 Music режимін қайта кодтауды орындайды. 2 арналы пішімде жазылған көз 7 арна ішіне қайта кодталады. Бұл параметр CD сияқты қалыпты стерео көздер үшін өте оңды.

Құлаққаптар жалғанғанда

Құлаққаптар ресиверге жалғанғанда ғана бұл дыбыс өрісін таңдауға болады.

■ Құлаққап (2ch) (HP 2CH)

Бұл режим құлаққаптарды («2ch Analog Direct») параметрін қоспағанда) қолданғанда автоматты түрде таңдалады. Стандартты 2 арналы стерео көздері толықтай дыбыс өрісі процесін айналып өтеді және LFE сигналдарын қоспағанда көп арналы көлемді пішімі 2 арнаға азаяды.

■ Құлаққап (Direct) (HP DIRECT)

«2ch Analog Direct» параметрі таңдалса, бұл режим автоматты түрде таңдалады. Эквалайзер, дыбыс өрісі, т.б. арқылы өңделмейтін аналогтік сигналдар шығарады.

Сабвуфер қосылса

Бұл ресивер сабвуферден 2 арналы сигналға шығатын төмен жиіліктегі дыбыс эсері болып табылатын LFE сигналы қалмаса, сабвуферге шығу үшін төмен жиіліктегі сигналды туындатады. Дегенмен, төмен жиіліктегі сигнал барлық сигналдар «Large» күйіне орнатылғанда «Neo:6 Cinema» немесе «Neo:6 Music» үшін туындамайды. Dolby Digital төмен жиіліктерді қайта бағыттау кестесін толықтай қолдану үшін сабвуфердің үзілген жиілігін мүмкіндігінше жоғары орнату ұсынылады.

Дыбыс өрістері бойынша ескертпелер

- Динамик үлгісінің параметрлеріне байланысты кейбір дыбыс өрістері қол жетімді болмауы мүмкін.
- «PLIIX Movie», «PLIIX Music», «PLIIZ Movie» және «PLIIZ Music» функцияларын бір уақытта таңдай алмайсыз.


– «PLIIX Movie» және «PLIIX Music» динамик үлгісі көлемді артқы динамиктер арқылы параметрге орнатылғанда ғана қол жетімді болады.

– «PLIIZ Movie» және «PLIIZ Music» динамик үлгісі алдыңғы жоғарғы динамиктер арқылы параметрге орнатылғанда ғана қолжетімді болады.

- Музыка және фильм үшін дыбыс өрістері төмендегі жағдайларда істемейді.
 - DTS-HD Master Audio, DTS-HD High Resolution Audio немесе Dolby TrueHD параметрлері 48 кГц асатын дискреттеу жиілігімен алынатын болса, дыбыс өрістері жұмыс істемейді.
 - «2ch Analog Direct» параметрі таңдалған.
- «PLII Movie», «PLII Music», «PLIIX Movie», «PLIIX Music», «PLIIZ Movie», «PLIIZ Music», «Neo:6 Cinema» және «Neo:6 Music» режимдері динамик үлгісі келесі арналарға орнатылған кезде істемейді: 2/0 немесе 2/0.1.
- Музыка үшін дыбыс өрістерінің бірі таңдалса, барлық динамиктер Speaker Settings мәзіріндегі «Large» күйіне орнатылса, сабвуферден ешқандай дыбыс шықпайды. Дегенмен, сабвуферден келесі жағдайларда дыбыс шығады, егер
 - кіріс сигналында LFE сигналдары болса.
 - алдыңғы немесе көлемді динамиктер «Small» күйіне орнатылса.
- «Multi Stereo», «PLII Movie», «PLII Music», «PLIIX Movie», «PLIIX Music», «PLIIZ Movie», «PLIIZ Music», «HD-D.C.S.» немесе «Portable Audio» режимдері таңдалады.

Эквалайзерді реттеу

Алдыңғы, орталық көлемді/көлемді артқы және алдыңғы жоғары динамиктердің үндестік сапасын (төменгі жиіліктер/жоғарғы жиіліктер деңгейі) реттеу үшін келесі параметрлерді қолдануға болады.



- 1** Бастапқы мәзірден «Sound Effects» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 2** «Equalizer» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3** «Front», «Center», «SUR/SB» немесе «Front High» тармағын таңдап, содан кейін ⊕ басыңыз.
- 4** «Bass» немесе «Treble» параметрлерін таңдап, артуды реттеңіз.

Ескертпелер

- Бұл функция «2ch Analog Direct» параметрі қолданылып жатқанда істемейді.
- Bass және Treble параметрлері үшін жиіліктер белгіленген.
- Аудио пішімге байланысты, ресивер сигналдарды кіріс жиілігінен төмен жиілікте ойнатылуы мүмкін.

Sound Optimizer функциясын пайдалану

Sound Optimizer функциясы сізге дыбыс көлемінің төмен деңгейлерінде таза және динамикалық дыбысты тыңдауға мүмкіндік береді. Сіз дыбыс көлемін төмендеткенде жақсы естілмейтін дыбысты автоматты түрде калибрлейді. Авто калибрлеу орындалғаннан кейін дыбыс деңгейі қоршаған ортаңызға сай келу үшін оңтайландырылады.

- 1** Бастапқы мәзірден «Sound Effects» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 2** «Sound Optimizer» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3** «Normal» немесе «Low» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Sound Optimizer функциясы қосылады. Фильмнің басқару деңгейін реттеу үшін «Normal» параметрін таңдаңыз. Орташа дыбыс қысымының деңгейі қатты шығатын ықшам дискі немесе бағдарламалық жасақтаманы реттеу үшін «Low» параметрін таңдаңыз.

Ескертпелер

- Бұл функция келесі жағдайларда істемейді.
 - «2ch Analog Direct» параметрі пайдаланылуда.
 - Құлақпақ жалғанған.
- Аудио пішімге байланысты, ресивер сигналдарды кіріс сигналдарының нақты дискреттеу жиілігінен төмен дискреттеу жиілігінде ойнатуы мүмкін.

Калибрлеу түрін таңдау

Auto Calibration функциясын орындағаннан кейін қалаған калибрлеу түрін таңдауға болады. Қосымша мәліметтерді «Auto Calibration Type» (97-бет) бөлімінен алыңыз.

Pure Direct функциясын пайдалану

Pure Direct режимі дыбысты жоғары дәлдікте қолдануға мүмкіндік береді. Pure Direct режимі қосылса, дисплей тақтасы дыбыс сапасына кедергі келтіретін шуды басу үшін сөнеді. Pure Direct функциясын барлық кірістермен қолдануға болады.

- 1** Бастапқы мәзірден «Sound Effects» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 2** «Pure Direct» режимін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3** «On» параметрін таңдап, содан кейін ⊕ түймесін басыңыз.

Ескертпе

Pure Direct функциясы таңдалған кезде, «Equalizer», «Sound Optimizer», «Advanced Auto Volume» және «Dynamic Range Compressor» мүмкіндіктері жұмыс істемейді.

Кеңес

Сондай-ақ, Pure Direct функциясын өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы немесе ресивердегі PURE DIRECT түймесін қолдануға болады.


Pure Direct функциясын тоқтату

Pure Direct функциясы келесіні орындағанда тоқтатылады:

- «Pure Direct функциясын пайдалану» (61-бет) бөліміндегі 3-қадамдағы «Off» тармағын таңданыз.
- PURE DIRECT түймесін қайта басыңыз.
- Дыбыс өрісін өзгертіңіз.
- Теледидарға орнатылған көріністі өзгертіңіз (Scene Select).
- «Equalizer», «Sound Optimizer», «Advanced Auto Volume» не «Dynamic Range Compressor» мүмкіндіктерінің параметрін өзгертіңіз.

Дыбыс өрістерін зауыттық әдепкі параметрлерге қайтару

Осы жұмысты орындау үшін ресивердегі түймелерді қолдануды ұмытпаңыз.



- 1** Ресиверді өшіру үшін I/II түймесін басыңыз.
- 2** MUSIC түймесін басып тұрған кезде I/II түймесін басыңыз. «S.F. CLEAR» параметрі дисплей тақтасында пайда болып, барлық дыбыс өрістері әдепкі параметр қалпына келтіріледі.

Ресивердің желілік мүмкіндіктері туралы

- DLNA үйлесімді құрылғыда сақталған (DLNA CERTIFIED™ өнімдер) және рұқсат етілген DLNA логотипі көрсетілген (69-бет) құрылғыда аудио мазмұнын тыңдай аласыз.
- Сіз ресиверді үйдегі желіңізде UPnP мультимедиа өңдеуші құрылғысы ретінде қолдана аласыз.
- Интернет байланысын пайдаланып музыка қызметтерін тыңдай аласыз (72-бет) және ресивердің бағдарламалық жасақтамасын жаңарта аласыз (78-бет).
- PARTY STREAMING функциясын пайдаланып бір музыканы бөлек бөлмелерде тыңдай аласыз.
- Ресиверді басқару үшін TV SideView құрылғыларын тіркей аласыз.
- AirPlay мүмкіндігін пайдаланып аудио мазмұнын iOS құрылғыларында немесе iTunes Library дерекқорында ойната аласыз.

DLNA туралы

DLNA (Digital Living Network Alliance) - мазмұнмен (музыка, фотосуреттер және бейнелер) алмасатын мобильді компьютерлік орталар құрылғылары, AV жабдығына қызмет көрсету құрылғылары (компьютерлер, т.б.) сияқты әртүрлі өнімдердің өндірушілерінің стандартты ұжымы. DLNA ережелерді жасақтайды және DLNA стандарттарына қолдау көрсететін құрылғыларда көрсетілетін рұқсат етілген логотипті шығарады.

Сымсыз жүйені орнату

Осы ресивермен серверіңізде сақталған аудио мазмұнды тыңдау үшін алдымен серверді орнатуыңыз қажет. Келесі сервер құрылғылары осы ресивермен үйлесімді.

- Sony VAIO Media plus 1.3, 1.4, 2.0, және 2.1
- Sony HDD желілік аудио жүйесі NAS-S500HDE*, NAS-S55HDE*
- Sony желілік AV ресивері STR-DA6400ES*, TA-DA5600ES*
- Microsoft Windows Media Player 12 бағдарламасы Windows 8 және Windows 7 амалдық жүйелерінде орнатылған (63, 65 беттер)
- Microsoft Windows Media Player 11 бағдарламасы Windows Vista/Windows XP амалдық жүйелерінде орнатылған (67-бет)

* Кейбір елдерде немесе аймақтарда қолжетімді емес.

Егер сервердің басқа құрылғылармен қатынасуды шектейтін функциясы болса, ресиверге қатынасу мүмкіндігін беру үшін сіз ол параметрді өзгертуіңіз қажет. Бұл бөлім Windows Media Player бағдарламасын сервер ретінде пайдаланған кезде оны қалай орнату керектігін түсіндіреді. Басқа сервер құрылғыларының параметрлерін орнату бойынша мәліметтерді пайдалану нұсқауларынан немесе тиісті құрылғылар мен бағдарламалардың анықтамаларынан қараңыз.

Ескертпелер


- Компьютерде көрсетілген элементтер амалдық жүйе немесе компьютердің ортасына байланысты төменде көрсетілгендерден басқа болуы мүмкін. Қосымша мәліметтерді амалдық жүйенің анықтамалар бөлімінен қараңыз.

- Музыканы Windows амалдық жүйесіндегі «Play To» мүмкіндігін пайдаланып ойнату кезінде жағдайға байланысты ойнату көбірек уақыт алуы мүмкін.

Windows 8 қолданғанда

Бұл бөлім Windows 8 амалдық жүйесіне арналған өндіруші орнатқан Windows Media Player 12 бағдарламасын орнату жолын түсіндіреді. Windows Media Player 12 бағдарламасын пайдалану туралы қосымша мәлімет алу үшін Windows Media Player 12 арналған анықтама бөлімін қараңыз.


- 1** Басқару тақтасына өтіңіз. [Start] (Бастау) мәзіріндегі [All Apps] (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз. [Control Panel] (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз.



Keңес

Windows 8 амалдық жүйесінің дисплейі үстіндегідей болмаса, төмендегі қадамдарды орынданыз.

[Settings] (Параметрлер) мәзіріндегі [Control Panel] (Басқару тақтасын) таңдаңыз.




- 2** [Network and Internet] (Желі және интернет) мәзірінен [View network status and tasks] (Желі күйін және тапсырмаларды қарау) тармағын таңдаңыз.


[Network Sharing Center] (Желі және ортақтасу орталығы) терезесі пайда болады.

Keңес


Қалаған элементіңіз дисплейде пайда болмаса, басқару тақтасының дисплей түрін ауыстырып көріңіз.



- 3 [Change advanced sharing settings] (Кеңейтілген ортақтасу параметрлерін өзгерту) тармағын таңдаңыз.**




- 4 [All Networks] (Барлық желілер) параметрінен [Media streaming] (Медиа ағыны) тармағының астындағы [Choose media streaming options...] (Медиа ағыны опцияларын таңдау...) тармағын таңдаңыз.**



- 5 [Media streaming options] (Медиа ағыны опциялары) терезесінде [Media streaming is not turned on] (Медиа ағыны қосылмаған) жазуы пайда болса, [Turn on media streaming] (Медиа ағынын қосу) тармағын таңдаңыз.**

- 6 [Allow All] (Барлығына рұқсат ету) тармағын таңдаңыз. [Allow All Media Devices] (Барлық тасушы құрылғыларына рұқсат ету) терезесі ашылады. Жергілікті желідегі барлық құрылғылар [Allowed] (Рұқсат етілген) күйіне орнатылған болса, [OK] тармағын таңдап, терезені жабыңыз.**




- 7 [Allow all computers and media devices] (Барлық компьютерлерге және тасушы құрылғыларға рұқсат ету) тармағын таңдаңыз.**
- 8 Терезені жабу үшін [Next] (Келесі) және [Finish] (Аяқтау) тармақтарын таңдаңыз.**
- 9 Серверлер тізімін жаңартыңыз. Параметрлерді орнаттық болғаннан кейін, ресивердің серверлер тізімін жаңартыңыз және сол тізімнен осы серверді таңдаңыз. Серверді таңдау туралы мәліметтерді «Серверлер тізімін жаңарту» (68-бет) бөлімінен қараңыз.**

Windows 7 қолданғанда

Бұл бөлім өндіруші орнатқан Windows Media Player 12 бағдарламасын Windows 7 АЖ қалай орнату керектігін түсіндіреді.

Windows Media Player 12 бағдарламасымен жұмыс істеу туралы мәліметтерді Windows Media Player 12 бағдарламасындағы анықтама бөлімінен қараңыз.

- 1 [Start] (Бастау) мәзірін ашыңыз – [Control Panel] (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз.**




- 2 [Network and Internet] (Желі және интернет) мәзірінен [View network status and tasks] (Желі күйін және тапсырмаларды қарау) тармағын таңдаңыз. [Network Sharing Center] (Желі және ортақтасу орталығы) терезесі пайда болады.**

Кеңес

Қалаған элементіңіз дисплейде пайда болмаса, басқару тақтасының дисплей түрін ауыстырып көріңіз.


- 3 [View your active networks] (Белсенді желілерді қарап шығу) мәзірінен [Public network] (Ашық желі) тармағын таңдаңыз. Егер дисплей [Public Network] (Ашық желі) тармағын көрсетпесе, 6-қадамға өтіңіз. [Set Network Location] (Желілік орынды таңдау) терезесі пайда болады.**




- 4 Ресивердің пайдаланылатын ортасына сай [Home network] (Үйдегі желі) немесе [Work network] (Жұмыс желісі) тармағын таңдаңыз.**
- 5 Ресивердің пайдаланылатын ортасына сай дисплейде пайда болған нұсқаулықтарды орындаңыз.**

Параметрлерді орнатып болғаннан кейін [Network and Sharing Center] (Желі және ортақтасу орталығы) терезесіндегі [View your active networks] (Белсенді желілерді қарап шығу) тармағы [Home network] (Үйдегі желі) немесе [Work network] (Жұмыс желісі) күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.

- 6** [Change advanced sharing settings] (Кеңейтілген ортақтасу параметрлерін өзгерту) тармағын таңдаңыз.




- 7** [Media streaming] (Медиа ағыны) мәзірінен [Choose media streaming options...] (Медиа ағыны опцияларын таңдау...) тармағын таңдаңыз.



- 8** [Media streaming options] (Медиа ағыны опциялары) терезесінде [Media streaming is not turned on] (Медиа ағыны қосылмаған) жазуы пайда болса, [Turn on media streaming] (Медиа ағынын қосу) тармағын таңдаңыз.

- 9** [Allow all] (Барлығына рұқсат ету) тармағын таңдаңыз. [Allow All Media Devices] (Барлық тасушы құрылғыларына рұқсат ету) терезесі ашылады. Жергілікті желідегі барлық құрылғылар [Allowed] (Рұқсат етілген) күйіне орнатылған болса, [OK] тармағын таңдап, терезені жабыңыз.



- 10** [Allow all computers and media devices] (Барлық компьютерлерге және тасушы құрылғыларға рұқсат ету) тармағын таңдаңыз.

- 11** Терезені жабу үшін [OK] таңдаңыз.

- 12** Серверлер тізімін жаңартыңыз.

Windows Media Player 12 бағдарламасын орнатып болғаннан кейін, ресивердің серверлер тізімін жаңартыңыз және сол тізімнен осы серверді таңдаңыз. Серверді таңдау туралы мәліметтерді «Серверлер тізімін жаңарту» (68-бет) бөлімінен қараңыз.


Windows Vista/XP қолданғанда

Бұл бөлім өндіруші орнатқан Windows Media Player 11 бағдарламасын Windows Vista/XP* АЖ қалай орнату керектігін түсіндіреді.

Windows Media Player 11 бағдарламасымен жұмыс істеу туралы мәліметтерді Windows Media Player 11 бағдарламасындағы анықтама бөлімінен қараңыз.

* Windows XP амалдық жүйесінде Windows Media Player 11 бағдарламасы өндіруші тарапынан орнатылмаған. Microsoft веб-торабына қатынап, орнатушыны жүктеп алыңыз да, Windows Media Player 11 бағдарламасын компьютеріңізге орнатыңыз.


- 1 [Start] (Бастау) мәзірін ашыңыз – [All Programs] (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.**



- 2 [Windows Media Player] бағдарламасын таңдаңыз.**
Windows Media Player 11 бағдарламасы іске қосылды.


- 3 [Library] (Кітапхана) мәзірінен [Media Sharing...] (Тасушыны ортақтасу...) тармағын таңдаңыз.**
Windows XP АЖ пайдалансаңыз, 9-қадамға өтіңіз.

- 4 [Network Sharing...] (Желіде) тармағын таңдаңыз.**



[Network Sharing Center] (Желі және ортақтасу орталығы) терезесі пайда болады.

- 5 [Customize] (Теңшеу) тармағын таңдаңыз.**



[Set Network Location] (Желілік орынды теңшеу) терезесі пайда болады.

- 6 [Private] (Жеке) өрісіне құсбелгі қойып, [Next] (Келесі) тармағын таңдаңыз.**




- 7 [Location type] (Орналасу түрі) тармағының [Private] (Жеке) күйіне өзгергеніне көз жеткізіп, [Close] (Жабу) тармағын таңдаңыз.**

8 [Network and Sharing Center] (Желі және ортақтасу орталығы) терезесінде [(Private network)] (Жеке желі) көрсетілгеніне көз жеткізіп, терезені жабыңыз.

9 3-қадамда көрсетілген [Media Sharing] (Тасушыны ортақтасу) терезесіндегі [Share my media] (Тасушыларыммен ортақтасу) өрісіне құсбелгі қойылмаса, [Share my media] (Тасушыларыммен ортақтасу) өрісіне құсбелгі қойып, [OK] таңдаңыз.

Қосылатын құрылғылар тізімі көрсетіледі.



10 [Share my media to:] (Тасушыларымды мыналармен ортақтасамын:) тұсында пайда болған [Settings...] (Параметрлер...) тармағын таңдаңыз.

11 [Allow new devices and computers automatically] (Жаңа құрылғылар мен компьютерлерге автоматты түрде рұқсат беру) өрісіне құсбелгі қойып [OK] таңдаңыз.

Ескертпе

Ресивердің серверге қосылып, онда сақталған аудио мазмұнды ойната алатынына көз жеткізгеннен кейін осы тармақтан құсбелгіні алып тастаңыз.

12 Серверлер тізімін жаңартыңыз.

Windows Media Player 11 бағдарламасын орнатып болғаннан кейін, ресивердің серверлер тізімін жаңартыңыз және сол тізімнен осы серверді таңдаңыз. Серверді таңдау туралы мәліметтерді «Серверлер тізімін жаңарту» (68-бет) бөлімінен қараңыз.

Серверлер тізімін жаңарту

Үйдегі желіге жаңа серверді қосқанда немесе тізімнен қалаған серверді таба алмағанда, серверлер тізімін жаңартыңыз.

1 Серверлер тізімі көрсетілгенде OPTIONS түймесін басыңыз.

2 «Refresh» таңдаңыз, сонан соң (+) түймесін басыңыз.

Жаңартылған серверлер тізімі пайда болады.

Кеңес

Ресивер соңғы қосылған бес серверді журналда сақтайды. Тізімде алғашқы болып осы бес сервер тізіледі. Серверлер тізімінде 20 серверге дейін көрсетілуі мүмкін.

Серверлер тізімінен серверді жою

1 Серверлер тізімі көрсетілген кезде жойғыңыз келген серверді таңдап, OPTIONS басыңыз.

Опциялар мәзірі пайда болады.

2 «Delete» таңдаңыз, сонан соң (+) түймесін басыңыз.

Растау дисплейі теледидар экранында пайда болады.

3 «OK» таңдаңыз, сонан соң (+) түймесін басыңыз.

«Complete!» жазуы пайда болып, таңдалған сервер жойылады.


Ескертпе

Серверді серверлер тізімінен жойсаңыз да, егер ресивер оны желіден тапса (мәселен серверлер тізімін жаңартқаныңызда), ол тізімде қайта пайда болады.

Серверде сақталған аудио мазмұнын тыңдау


Серверде сақталған аудио мазмұнды ресиверді MP3, Linear PCM, WMA, FLAC және AAC* пішімдерінде пайдаланып ойната аласыз. DRM (Digital Rights Management) авторлық құқықтармен қорғалған аудио мазмұн бұл ресиверде ойнатылмайды.

* Ресивер тек «.m4a», «.mp4» немесе «.3gp» кеңейтімдеріне ие AAC файлдарын ойната алады.



1 HOME NETWORK тармағын басыңыз.

ТД экранында серверлер тізімі пайда болады.

Егер соңғы таңдалған элемент (ойнату тізімі, альбом, қалта, т.б.) ТД экранында пайда болса, RETURN  тармағын серверлер тізімі пайда болмағанша бірнеше қайтара басыңыз.

«No server is available» жазуы пайда болса немесе тізімдегі сервер қолжетімді болмаса, OPTIONS басыңыз. «Refresh» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз. Жаңартылған серверлер тізімі пайда болады.

Кеңес

Бастапқы мәзірден «Listen» параметрлерінен «Home Network» тармағын таңдауыңызға болады.

2 DLNA серверінің белгішесін таңдап, содан кейін (+) түймесін басыңыз.

ТД экранында мазмұн пайда болады.

Ескертпе

Егер сервер құрылғысы Wake-on-LAN стандартына қолдау көрсетсе, ресивер серверді автоматты түрде қосады. Егер сервер Wake-on-LAN стандартына қолдау көрсетпесе, серверді алдын ала қосып қойыңыз. Серверіңіздің Wake-on-LAN параметрлері немесе операциялары туралы қосымша ақпарат алу үшін пайдалану нұсқауларын немесе серверіңіздің анықтама бөлімін қараңыз.

3 Қалаған элементіңізді (ойнату тізімі, альбом, қалта, т.б.) таңдап, (+) түймесін басыңыз.

Басқа элемент пайда болса, таңдаулар қысқарып, қалаған элементіңіз пайда болмағанша осы қадамды қайталай беріңіз. Көрсетілген элементтер қосылған серверге байланысты.

- 4 Қажетті жолшықты таңдап, (+) түймесін басыңыз.**
Ойнатыла бастайды.
Дыбыстың ресивердің динамиктерінен шығып жатқанына көз жеткізіңіз.

Ескертпелер

- Ресивер ойната алмайтын жолшықтар да ТД экранында пайда болады. Ойната алатын жолшықтардың тізімін сұрыптай алмайсыз.
- Егер сіз айнымалы ток сымы (электр сымы) қабырға розеткасынан алып тастасаңыз, ойнату соңғы таңдалған элементтен бастап ойнатылмайды.
- Ресивер аудио мазмұнның үлкен мөлшерін камтитын қалтаны шолғанда элементтерді көрсету үшін біраз уақыт кетуі мүмкін. Бұл жағдайда кілт сөзбен іздеуді (80-бет) пайдаланыңыз.

Кеңестер

- Егер сіз қалтаны (орындаушы қалтасы, жанр қалтасы, т.б. сияқты) тандасаңыз, ► түймесін басқанда ресивер таңдалған қалтадағы барлық элементтерді ойнатады.
- Бұл функция үйдегі желі функциясына ауыстырылса, ресивер өшірілгенше соңғы таңдалған элементтен ойнатуын жалғастырады. «Network Standby» тармағы «On» күйіне орнатылса, сіз ресиверді өшірсеңіз де ойнату соңғы таңдалған элементтен жалғасады.

Қатынасу параметрлерін орнату

Сіз құрылғылар тізіміндегі құрылғылар үшін қатынасу шектеулерін немесе рұқсатын орната аласыз.

1 HOME NETWORK тармағын басыңыз.

Кеңес

Бастапқы мәзірден «Listen» параметрлерінен «Home Network» тармағын таңдауыңызға болады.

2 OPTIONS түймесін басыңыз.

3 «Access Settings» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз.

Автоматты қатынасуды орнату

- 1 «Access Settings» параметрінен «Auto Access» тармағын таңдап, (+) түймесін басыңыз.**
- 2 «Allow» немесе «Not Allow» тармағын таңдап, (+) түймесін басыңыз.**

- **Рұқсат ету:** Үйдегі желідегі барлық құрылғыларға осы ресиверге қатынасуға рұқсат берілген. Бұл ресивер PARTY сеансын негізгі құрылғы ретінде бастай алады және, шақырылса, PARTY сеансына қосымша ретінде қосыла алады.
- **Рұқсат етпеу:** Бұл ресивер оған қатынасуға әрекеттенген жаңа құрылғыны шектейді. Жаңа құрылғыны үйдегі желіге қосқан кезде, оны құрылғылар тізіміне қосыңыз және қатынасу рұқсатын орнатыңыз (71-бет).

Ескертпе

Құрылғылар тізіміне 20 құрылғыға дейін қосуға болады. Егер 20 құрылғы алдында тіркеліп қойған болса, «Device Full» жазуы пайда болады және жаңа құрылғыны тізімге қосу мүмкін болмайды. Бұл жағдайда қажет емес құрылғыларды тізімнен жойыңыз (71-бет).

Құрылғыны құрылғылар тізіміне қосу

- 1 «Access Settings» параметрінен «Control Device» тармағын таңдап, (+) түймесін басыңыз.**
ТД экранында тіркелген құрылғылар тізімі пайда болады.
- 2 «Add Device» параметрін таңдап (+) түймесін басыңыз.**
- 3 Қалаған құрылғыны таңдап, (+) түймесін басыңыз.**
Таңдалған құрылғы құрылғылар тізіміне қосылады. Қатынасты параметрі туралы қосымша ақпарат алу үшін «Құрылғыларға қатынасу рұқсатын орнату» (71-бет) қараңыз.

Құрылғыларға қатынасу рұқсатын орнату

Сіз құрылғылар тізіміндегі құрылғы үшін қатынасу рұқсатын орната аласыз. Тек үйдегі желідегі «Allow» күйіне орнатылған құрылғыларға қатынасуға рұқсат берілген.

- 1 «Access Settings» параметрінен «Control Device» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
ТД экранында тіркелген құрылғылар тізімі пайда болады.
- 2 Қалаған құрылғыны таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3 «Access» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 4 «Allow» немесе «Not Allow» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Құрылғыны тізімнен жою

«Құрылғыларға қатынасу рұқсатын орнату» (71-бет) бөліміндегі 3-қадамдағы «Delete» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
Растау дисплейіндегі «OK» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

TV SideView функциясын пайдалану

Қашықтан басқару құралы (смартфон, т.б.) үшін тегін ТД слайдшоуы. ТД слайдшоуын осы ресивер арқылы қолданып, қашықтан басқару құралындағы әрекет арқылы ресиверді оңай қолдануға болады.

ТД SideView құрылғысын тіркеу

- 1 HOME NETWORK тармағын басыңыз.

Keңес

Бастапқы мәзірден «Listen» параметрлерінен «Home Network» тармағын таңдауыңызға болады.

- 2 OPTIONS түймесін басыңыз.
- 3 «TV SideView Device Registration» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 4 «Start Registration» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
Ресивер тіркеуге дайын TV SideView құрылғысын іздей бастайды. «Connecting» жазуы ТД экранында пайда болады. TV SideView құрылғысында «Registration» тармағын басыңыз. Алайда, ресивер 30 секунд ішінде ешбір құрылғыны таппаса, тіркеуден шығады.
- 5 «Finish» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Тіркеу әрекетінен бас тарту

4-қадамда «Cancel» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Ескертпе

Құрылғылар тізіміне 5 TV SideView құрылғысына дейін қосуға болады. Егер 5 құрылғы алдында тіркеліп қойған болса, «Device Full» жазуы пайда болады және жаңа құрылғыны тізімге қосу мүмкін болмайды. Бұл жағдайда қажет емес құрылғыларды тізімнен жойыңыз (71-бет).

Тіркелген TV SideView құрылғысын қарау

3-қадамда «Registered TV SideView Devices» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Құрылғылар тізімінен тіркелген TV SideView құрылғыларын жою

- 1 3-қадамда «Registered TV SideView Devices» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 2 Жойғыңыз келген құрылғыны таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3 «Delete» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 4 «OK» таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
Таңдалған құрылғы құрылғылар тізімінен жойылады.

Авторлық құқықпен қорғалғанын тексеру

Бұл ресивер DRM авторлық құқықпен қорғалған WMA форматындағы файлдарды ойната алмайды.

Егер WMA файлы осы ресиверде ойнатылмаса, оның DRM авторлық құқығымен қорғалмағанын компьютерден файлдың сипаттамасынан қараңыз.

WMA файлы сақталған қалтаны немесе бөлімді ашып, [Properties] (Сипаттар) терезесін көрсету үшін оң пернемен басыңыз. [License] (Лицензия) қойындысы болса, DRM авторлық құқығымен қорғалған файл бұл ресиверде ойнатылмайды.

Үйдегі желіні қашықтан басқару элементімен басқару

Әрекет	Орындау үшін
Ойнатуды кідірту*	Ойнату кезінде II түймесін басыңыз. Ойнатуды жалғастыру үшін ▶ түймесін басыңыз.
Ойнатуды тоқтату	түймесін басыңыз.
Ағымдағы жолшықтың басына, алдыңғы/келесі жолшыққа өту	Бірнеше қайтара IIII/IIII түймесін басыңыз.
Ойнатқыңыз келген элементті қайта таңдаңыз.	Қалаған каталог пайда болғанша RETURN ↵ түймесін бірнеше рет басыңыз. Немесе OPTIONS басып, «Server List» тармағын таңдап, сонан соң қалаған элементті таңдаңыз. Ойнату дисплейіне оралу үшін OPTIONS басып, «Now Playing» тармағын таңдаңыз.

Әрекет	Орындау үшін
Қалаған элементіңізді кілтсөзді қолдану арқылы іздеңіз.	Серверден мазмұндарды таңдаған кезде ALPHABET SEARCH басып, кілтсөзді енгізіңіз (80-бет).
Серверді өзгерту	Ойнату тоқтатылып тұрғанда OPTIONS түймесін басыңыз. «Server List» тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз. Қалаған серверді таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
Қайталап ойнатуды таңдау	REPEAT бірнеше рет, ТД экранында «Repeat All» немесе «Repeat 1» жазуы шықпағанша, басыңыз.
Кездейсоқ ойнатуды таңдау	SHUFFLE түймесін бірнеше рет, ТД экранында «Shuffle On» жазуы шықпағанша, басыңыз.

* Сервер немесе жолшыққа байланысты, үйдегі желі функциясы таңдалған кезде ойнатуды кідірту жұмыс істемеуі мүмкін.

Sony Entertainment Network (SEN) желісін қолдану

Осы ресивермен интернет ұсынған музыка қызметтерін тыңдай аласыз (SEN функциясы).

Бұл функцияны қолдану үшін ресивер желіге қосылған, ал желі интернетке қосылған болуы керек. Мәліметтерді «б: Желіге қосылу» (35-бет) бөлімінен қараңыз.


SEN функциясы туралы қосымша ақпарат алу үшін мына веб-торапқа кіріңіз:

http://
www.sonyentertainmentnetwork.com



Ескертпе

Музыка қызметтерін пайдаланудан бұрын, қызмет провайдеріне байланысты, ресиверіңізді тіркеу қажет болуы мүмкін. Тіркеу туралы мәліметтер алу үшін қызмет провайдерінің тұтынушыларға қызмет көрсету торабына кіріңіз.



Келесі қадамдар «vTuner» қызметі мысалында интернет ұсынған музыка қызметтерін таңдау жолын көрсетеді.

1 SEN түймесін басыңыз.

ТД экранында қызмет провайдерлері тізімі пайда болады. Егер ресивер автоматты түрде соңғы рет таңдалған қызметті не станцияны көрсететін болса, қызмет провайдерлерінің тізімі пайда болмағанша RETURN түймесін бірнеше қайтара басыңыз.

Кеңес

Бастапқы мәзірден де «Listen» параметрінен «SEN» тармағын таңдай аласыз.

2 «vTuner» қызметін таңдап, (+) түймесін басыңыз.

3 Қалаған қалтаны немесе станцияны таңдап (+) түймесін басыңыз.

- Элементті таңдау үшін ↑/↓ түймесін бірнеше рет басыңыз.
- Келесі каталогқа өту үшін немесе станцияны тыңдау үшін (+) түймесін басыңыз.
- Алдыңғы каталогқа өту үшін RETURN түймесін басыңыз.



Ескертпе

Егер «No service is available» жазуы пайда болып, сіз қызмет провайдерлерінің тізіміне қол жеткізе алмасаңыз, OPTIONS түймесін басыңыз және «Refresh» тармағын таңдаңыз.

Кеңес

Бұл функция SEN функциясына ауыстырылса, ресивер өшірілгенше соңғы рет таңдалған қызмет немесе станцияны көрсетеді. «Network Standby» тармағы «On» күйінде болғанда, соңғы рет таңдалған қызмет немесе станция, ресиверді өшіріп қойсаңыз да көрсетіледі.

SEN функциясын қашықтан басқару құралы арқылы пайдалану

Әрекет	Орындау үшін
Станцияны немесе қызметті өзгерту	Қызмет провайдерлерінің тізіміне оралу үшін RETURN  түймесін басып, сонан соң қызметті қайта таңдаңыз. Ойнату дисплейіне қайта оралу үшін OPTIONS басып, «Now Playing» тармағын таңдаңыз.
Ресивер станцияны немесе қызметті таңдағанда немесе ойнатқанда әртүрлі функцияларды пайдалану	OPTIONS түймесін басыңыз. Көрсетілген элемент таңдалған элемент немесе каталогқа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
Қызмет опцияларын таңдау	Қызметтегі мазмұндарды таңдаған немесе ойнатқан кезде OPTIONS басыңыз. «Service Options» тармағын таңдап,  түймесін басыңыз. Қызмет опцияларының мазмұндары таңдалған қызметтерге байланысты әртүрлі болады.
Қалаған элементіңізді кілтсөзді қолдану арқылы іздеңіз.	Серверден мазмұндарды таңдаған кезде ALPHABET SEARCH басып, кілтсөзді енгізіңіз (80-бет).
Қолжетімді ақпаратты қарау	Орындаушы атын, альбом атын, т.б. қарау үшін DISPLAY бірнеше рет басыңыз.


Станцияларды алдын ала орнату

Таңдаулы станциялар ретінде 20 станцияны сақтауға болады.

- 1 Алдын ала орнатқыңыз келген станцияны таңдаңыз.**
- 2 Қабылдау кезінде MEMORY түймесін басыңыз.**
Алдын ала орнатылған жады тізімі пайда болады.
- 3 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдап,  түймесін басыңыз.**
- 4 Басқа станцияны сақтау үшін 1-3 қадамдарын қайталаңыз.**



Алдын ала орнатылған станцияларды тыңдау

- 1 SEN түймесін басыңыз.**

ТД экранында қызмет провайдерлері тізімі пайда болады. Егер ресивер автоматты түрде соңғы рет таңдалған станцияны көрсетсе, RETURN  түймесін қызмет провайдерлерінің тізімі пайда болмағанша бірнеше рет басыңыз.

Keңес

Бастапқы мәзірден де «Listen» параметрінен «SEN» тармағын таңдай аласыз.

- 2 «Preset» тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.**
Қызмет провайдерлері тізімінің жоғары жағында «Preset» пайда болады.
- 3 Қалаған алдын ала орнатылған станцияны таңдап, сонан соң  түймесін басыңыз.**

Ескертпе

Қызмет провайдерлеріне байланысты кейбір станцияларды алдын ала орнату мүмкін болмайды. Егер сіз осындай станцияларды алдын ала орнатуға әрекеттенсеңіз, дисплейде «Not available» жазуы пайда болады.

Әртүрлі музыка қызметтерін қолдану

Сіз интернетте ұсынылған әртүрлі музыка қызметтерінің мазмұнын тыңдай аласыз.


Музыка қызметтері, қызметтерді қолдану туралы және ресивердің тіркеу коды туралы көбірек ақпарат алу үшін төмендегі веб-торапқа кіріңіз.

<http://munlimited.com/home>

Тіркеу кодын тексеру

Сіз жаңа музыка қызметін қолданған кезде ресивердің тіркеу кодын енгізу талабы болуы мүмкін.

1 SEN түймесін басыңыз.

ТД экранында қызмет провайдерлері тізімі пайда болады. Егер ресивер автоматты түрде соңғы рет таңдалған қызметті не станцияны көрсететін болса, қызмет провайдерлерінің тізімі пайда болмағанша RETURN  түймесін бірнеше қайтара басыңыз.

Кеңес

Бастапқы мәзірден де «Listen» параметрінен «SEN» тармағын таңдай аласыз.

2 «Registration Code» тармағын таңдап, түймесін басыңыз.

Ресивердің тіркеу коды пайда болады.


PARTY STREAMING функциясын қолдану

Ресиверде қазір ойнатылып жатқан аудио мазмұндар үйдегі желіңізде PARTY STREAMING функциясына қолдау көрсететін барлық құрылғыларда бір уақытта ойнатылуы мүмкін.

Егер сымсыз байланысты қолдану кезінде кедергіні байқасаңыз, ресиверіңізді маршрутизаторға сымды байланыс арқылы қосыңыз (36-бет).

PARTY ағыны кезінде «PARTY host» деп аталатын құрылғы PARTY бастап, музыка ағынын жібереді, және «PARTY guest» атты құрылғы PARTY сеансына қатысып «PARTY host» құрылғысынан музыканы қабылдайды.

PARTY STREAMING функциясын қолданудан бұрын «PARTY STREAMING» тармағы «On» күйінде екеніне көз жеткізіңіз (104-бет).



PARTY STREAMING функциясын басқа астында PARTY STREAMING логотипі бар құрылғылармен* қолдана аласыз.



* Қолжетімді PARTY STREAMING үйлесімді құрылғылар елдерге немесе аймақтарға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Қолжетімді құрылғылар туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті Sony дилеріне хабарласыңыз.

PARTY іске қосу

Сіз PARTY сеансын басқа PARTY STREAMING функциясына қолдау көрсететін құрылғылар басқа бөлмелерде болса да бастай аласыз.

1 PARTY қосымша құрылғылары қосылған және PARTY сеансына қосылуға дайын екеніне көз жеткізіңіз.

2 Қалаған дыбыс көзін таңдаңыз.

Осы ресивердегі барлық дыбыс көздерінің аудио мазмұнының ағынын жіберуге болады.

Ескертпелер

- Тек осы ресивердегі мазмұндарының ағынын жіберуге болады. PARTY негізі ойнатқанда ТД-ға бейне сигналдары шықпайды және аудио сигналдары 2-арнаға азаяды. Осы жағдайда дыбыс өрісі ретінде тек «2ch Stereo» таңдай аласыз.
- Сіз PARTY сеансын PARTY негізі ретінде бастағанда, келесі жағдайларда аудио шығысы мен дисплейдегі кескіндер арасында уақыт ақаулығы орын алуы мүмкін.
 - Audio Return Channel (ARC) функциясын қолданғанда.
 - Жабдықтың бейне шығысы ТД қосылған және аудио шығысы ресивердегі сандық немесе аналогтік аудио шығысы ұяларына қосылған.
- Авторлық құқығы қорғалған дыбыс көздерінің ағыны берілмеуі мүмкін.

3 PARTY START басыңыз.

«START PARTY» жазуы дисплей тақтасында пайда болады.

Ресивер PARTY ағынын жіберуді PARTY негізі ретінде бастайды.

PARTY сеансын жабу

PARTY CLOSE басыңыз.

«CLOSE PARTY» жазуы дисплей тақтасында пайда болады.

PARTY сеансына қосылу

Сіз басқа бөлмеде ойнатылып жатқан аудио мазмұнды тыңдай алуыңыз үшін ресивер басқа құрылғыда басталған PARTY сеансына қосыла алады.

PARTY негізгі құрылғысы PARTY сеансында болғанда, PARTY JOIN түймесін басыңыз.

«JOIN PARTY» жазуы пайда болып, ресивер PARTY сеансына PARTY сеансының қосымшасы ретінде кіреді.

PARTY сеансынан шығу

PARTY LEAVE басыңыз.

«LEAVE PARTY» жазуы пайда болып, ресивер PARTY сеансынан шығады.

Ескертпелер

- PARTY сеансына келесі жағдайларда қосыла алмайсыз:
 - PARTY сеансы сіздің ресиверіңізде басталып қойған.
 - басқа PARTY сеансына қатысудасыз.
- Егер сіз PARTY сеансы басталмаған кезде PARTY JOIN басқанда PARTY STREAMING функциясымен үйлесімді құрылғы ойнап тұрса, құрылғы PARTY негізі болады және ресивер PARTY сеансына PARTY қосымшасы ретінде қосылады.
- Құрылғы PARTY сеансына қосылған кезде, PARTY қосымша құрылғысы автоматты түрде HOME NETWORK ауысады. Егер PARTY қосымшасы PARTY сеансынан шықса, функция HOME NETWORK ретінде сақталады.

Кеңес

«Network Standby» тармағы «On» күйіне орнатылған болса, ресивер қосылып, PARTY негізгі құрылғысы PARTY сеансына бастағанда оған автоматты түрде қосылады.

Музыка ағынын iTunes бағдарламасынан AirPlay функциясын пайдаланып алу

Сымсыз желіні қолданып, осы ресивермен сіз аудио мазмұнын iPhone, iPod touch, iPad сияқты iOS құрылғыларында немесе iTunes Library дерекқорын пайдаланып дербес компьютерде ойната аласыз.





Үйлесімді iPod/iPhone/iPad модельдері

iPhone 4S, iPhone 4, iPhone 3GS, iPod touch (2-ші, 3-ші немесе 4-ші буын), iOS 4.2 немесе кейінгі нұсқалы iPad, iPad2, iPad 3-ші буын және iTunes 10.1 немесе кейінгі бағдарламалы Mac немесе дербес компьютер.


Ескертпелер

- iOS немесе iTunes бағдарламаларының қолдаулы нұсқаларын осы беттегі «Үйлесімді iPod/iPhone/iPad модельдері» бөлімнен қараңыз.
- iOS немесе iTunes бағдарламаларын осы ресивермен пайдаланудан бұрын соңғы нұсқаларына дейін жаңартыңыз.
- iOS құрылғыларын, iTunes немесе AirPlay пайдалану туралы қосымша ақпаратты құрылғыңыздың пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- Сіз ресиверді AirPlay функциясын пайдаланған кезде PARTY негізі ретінде пайдалана алмайсыз.


- 1 iOS құрылғысының экранында немесе iTunes бағдарламасының астыңғы оң жағындағы  белгішесін басыңыз. [iOS device] (iOS құрылғысы)





[iTunes]



- 2 iTunes бағдарламасының AirPlay мәзіріндегі немесе iOS құрылғыңыздағы «STR-DN1040» тармағын таңдаңыз. [iOS device] (iOS құрылғысы)



[iTunes]



3 Аудио мазмұнын iOS құрылғысында немесе iTunes бағдарламасында ойнатуды бастаңыз.

AirPlay ресивер функциясы ретінде автоматты түрде таңдалады.






Кеңестер

- «*****» ресивердің MAC мекенжайының соңғы 6 таңбасы.
- Ойнату басталмаса, үрдісті 1-қадамнан бастап қайта бастаңыз.

Құрылғы атын растау/өңдеу

Құрылғыны қайта атау туралы нұсқаулықтарды «Құрылғы атауы» (104-бет) бөлімінен қараңыз.

AirPlay ойнатуын басқару

Сіз  +/-, , , , , SHUFFLE және REPEAT түймелерін пайдалана аласыз. Ресивер мен қашықтан басқару құралы арқылы басқару тек ресивер шығыс құрылғысы ретінде таңдалғанда ғана белсенді болады.

iTunes бағдарламасын пайдаланған кезде осы ресиверден басқару пәрмендерін қабылдау үшін iOS құрылғысын орнатыңыз және iOS құрылғысын басқару үшін осы ресиверді қолданғыңыз келгенде, ресиверді және қашықтан басқару құралын орнатыңыз.

Кеңестер

- Ресиверді басқару пәрменіне басымдылық берілген. Ресивер тіпті AirPlay функциясы үшін негізгі құрылғымен ойнатылып жатса да, басқа AirPlay үйлесімді құрылғыдан қабылданған басқару пәрмендерін қабылдап, аудио мазмұнды ойната бастайды.
- iOS құрылғыларын немесе iTunes бағдарламасынан дыбыс көлемін орнатқанда, ресиверден дыбыс өте қатты шығуы мүмкін.
- iTunes бағдарламасын қолдану туралы қосымша ақпаратты оның анықтама бөлімінен қараңыз.
- iOS құрылғыларының немесе iTunes бағдарламасының дыбыс көлемін осы ресивердің дыбыс деңгейімен үйлестіруге болмайды.

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту


Бағдарламалық жасақтаманы соңғы нұсқасына дейін жаңарту арқылы жаңа функцияларды пайдалана аласыз. Ресивер бағдарламалық жасақтаманы жаңарту үшін Sony серверіне қатынасады. Егер жаңа жаңарту қол жетімді болса, бағдарламалық жасақтаманы жаңарту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Интернет қосылған кезде және Home Network немесе SEN функциясын пайдалану кезінде дисплейде «UPDATE» жазуы пайда болады.


Ресиверге қосылған басқа жабдықтың бағдарламалық жасақтаманы жаңартудан бұрын өшірілгеніне көз жеткізіңіз.


Қолжетімді бағдарламалық жасақтаманың жаңартулары туралы қосымша ақпаратты тұтынушыға қолдау көрсету торабынан қараңыз (131-бет).

Ескертпелер

- Жаңарту операциясы жүріп жатқанда ресиверді өшірмеңіз, желі кабелін ажыратпаңыз, басқа да кез келген операцияны орындамаңыз.
- Бағдарламалық жасақтаманы ұйқы таймері қосылған кезде орындауға әрекеттенсеңіз, ұйқы таймері автоматты түрде өшеді.

1 Бастапқы мәзірден «Settings» таңдап,  түймесін басыңыз. Settings мәзірінің тізімі теледидар экранында пайда болады.

2 «System» параметрін таңдап,  түймесін басыңыз.

3 «Network Update» тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.

4 «Start» тармағын таңдап,

⊕ түймесін басыңыз.

Ресивер бағдарламалық жасақтаманың қолжетімді жаңартуларын тексере бастайды. Жаңартуды бастаған кезде бастапқы бағдарламалық жасақтама нұсқасын қалпына келтіру мүмкін емес. ТД экранында «Download 100%» жазуы пайда болған кезде ресивер бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алуды аяқтайды. Одан кейін ресивер бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды бастайды. GUI және дисплей тақтасы автоматты түрде өшіріледі және алдыңғы тақтадағы I/⏻ (қосу/күту) индикаторы баяу жанады. Жаңартуды аяқтау 40 минуттан бірнеше сағатқа дейін уақыт алуы мүмкін. Жаңартуға қажет уақыт Интернет байланысының жылдамдығы және т.б. сияқты жаңарту шарттарына байланысты әр түрлі болады. Жаңарту аяқталған кезде дисплей тақтасында «COMPLETE» жазуы пайда болады және ресивер автоматты түрде қайта іске қосылады.

Ескертпе

Алдыңғы тақтадағы I/⏻ (қосу/күту) индикаторы баяу жанған кезде айнымалы ток сымын (электр сымы) ажыратпаңыз.

Тіркеу процедурасынан бас тарту

4-қадамда «Cancel» параметрін таңдаңыз.

Алдыңғы экранға кері өту

Ресивер бағдарламалық жасақтама жанаруын бастаудан бұрын RETURN ♂ түймесін басыңыз. Жаңарту басталғанда алдыңғы экранға орала алмайсыз.

Желі мүмкіндіктері хабарларының тізімі

Желілік параметрлер

Хабар және түсініктеме

Жарамсыз ■■■■*

Енгізілген мәндер дұрыс емес немесе жарамсыз.

* ■■■■ - SSID, IP мекенжайын, қауіпсіздік кілтін, ішкі желі бүркенішін, әдепкі шлюз, негізгі DNS және қосымша DNS білдіреді. ■■■■ желі орнатылуына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Үйдегі желі

Хабар және түсініктеме

Байланыстыру мүмкін емес

Ресиверді таңдалған серверге қосу мүмкін емес.

Ақпарат алу мүмкін емес

Ресивердің серверден ақпарат не мазмұндарды алуы мүмкін емес.

JOIN орнату мүмкін емес

Ресивер PARTY сеансына қосыла алмады.

Ойнату мүмкін емес

Ресивер аудио файлдарын қолдау көрсетілмейтін файл пішімі немесе ойнату шектеулеріне байланысты ойната алмайды.

START қосу мүмкін емес

Ресивер PARTY сеансын бастай алмады.

Дерек қателігі

Сіз ойнатуға келмейтін файлды ойнатуға әрекеттендіңіз.

Құрылғы толы!

Сіз құрылғылар тізіміне басқа құрылғыларды тіркей алмайсыз.

Бапандыру

Ресивер желі функциясы үшін зауыттық әдепкі параметрді орнатуда.

Сервер қолжетімсіз

Желіде ресивер қосыла алатын сервер жоқ. Серверлер тізімін жаңартып көріңіз (68-бет).

Трек жоқ

Сервердегі таңдалған қалтада ойнатуға жарамды файл жоқ.

Хабар және түсініктеме

Табылмады

Серверде кілтсөзге сәйкес келетін элемент жоқ.

Пайдаланылмайды

Рұқсат етілмеген операция орындалуда.

SEN

Хабар және түсініктеме

Байланыстыру мүмкін емес

Ресиверді таңдалған серверге қосу мүмкін емес.

Ақпарат алу мүмкін емес

Ресивер сервердегі мазмұнға қол жеткізе алмады.

Ойнату мүмкін емес

- Сіз ойнатуға келмейтін файлды ойнатуға әрекеттендініз.
- Ресивер қызметті немесе станцияны қолдау көрсетілмейтін файл пішімі немесе ойнату шектеулеріне байланысты ойната алмайды.

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қажет

Қызмет ресивердің ағымдағы бағдарламалық жасақтамасының нұсқасында қолжетімсіз.

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту туралы қосымша ақпарат алу үшін мына веб-торапқа кіріңіз:

<http://munlimited.com/home>

Алдын ала орнатусыз

Ресиверде таңдалған алдын ала орнатылған нөмір үшін сақталған станция жоқ.

Қызмет қолжетімсіз

Қызмет провайдері жоқ.

Станциялар қол жетімсіз

Таңдалған қызметте станция жоқ.

Қол жетімсіз

- Таңдалған қызмет қолжетімсіз.
- Қазір қолжетімсіз операция орындалуда.


Пайдаланылмайды

Рұқсат етілмеген операция орындалуда.

Элементті кілтсөзді қолдану арқылы іздеу

Тізім ТД экранында көрсетілгенде (орындаушы тізімі, трек тізімі, т.б.), сіз қалаған элементті іздеу үшін кілтсөзді енгізе аласыз.

Кілтсөз арқылы іздеу тек үйдегі желі немесе SEN функциясы таңдалған кезде қолжетімді.



1 Элементтер тізімі (орындаушы тізімі, трек тізімі, т.б.) ТД экранында көрсетілгенде **ALPHABET SEARCH** басыңыз.

Кілтсөз енгізу өрісі теледидар экранында пайда болады.

2 Кілтсөз енгізу үшін сандық/мәтіндік түймелерді басыңыз.

Кілтсөз үшін 15 таңбаға дейін енгізуге болады.

Ескертпе

Іздеу үшін қажетті элементтің атауының немесе тақырыбының басындағы әріптер мен сөзге сәйкес келетін кілтсөзді енгізіңіз. Ресивер элементті іздегенде атаудың басындағы «The» және келесі орын ескерілмейді.

3 ⊕ түймесін басыңыз.

Кілтсөзге сәйкес келетін элемент пайда болады. Егер элемент ізделіп жатқан болмаса, алдыңғы/келесі элементті көрсету үшін ALPHABET PREVIOUS/ALPHABET NEXT түймесін басыңыз.

4 Қажетті элементті тапқанша 1-3 қадамдарын қайталап, сосын ⊕ түймесін басыңыз.

5 Қажетті жолшықты таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Ойнатыла бастайды.

«BRAVIA» Sync мүмкіндіктері

«BRAVIA» Sync деген не?

«BRAVIA» Sync функциясы Control for HDMI функциясына қолдау көрсететін ТД, Blu-ray Disc ойнатқышы, DVD ойнатқышы, AV күшейткіші және т.б. сияқты Sony өнімдерінің арасындағы байланысқа мүмкіндік береді.

«BRAVIA» Sync функциясымен үйлесімді Sony жабдығы HDMI кабеліне (жинақта берілмеген) қосылса, операция келесідей жеңілдетіледі:

- One-Touch Play (82-бет)
- System Audio Control (83-бет)
- Жүйені өшіру (83-бет)
- Scene Select (84-бет)
- Home Theatre Control (84-бет)
- Remote Easy Control (84-бет)

Control for HDMI - HDMI (жоғары анықтықтың мультимедиалық интерфейсі) үшін HDMI CEC (тұрмыстық электрониканы басқару) арқылы пайдаланылатын өзара басқару функциясының стандарты.


Ресиверді «BRAVIA» Sync көрсетілетін өнімдерге қосуды ұсынамыз.

Ескертпелер

- Sony шығармаған жабдықпен «One Touch Play», «System Audio Control» және «System Power-Off» функциясын пайдалануға болады. Дегенмен, Sony шығармайтын барлық өніммен үйлесімділікке кепілдік жоқ.
- «Scene Select» және «Home Theatre Control» мүмкіндіктері - Sony меншікті функциялары. Оларды Sony шығармаған жабдықпен басқару мүмкін емес.
- «BRAVIA» Sync функциясымен үйлесімсіз жабдықтың бұл мүмкіндіктерді белсендіруі мүмкін емес.
- Ресивердің HDMI OUT B ұясына қосылған жабдықпен Control for HDMI функциясы жұмыс істемейді.
- MHL құрылғысын қосқан кезде кейбір операцияларға қолдау көрсетілуі мүмкін (84-бет).

«BRAVIA» Sync функциясын дайындау

Ресивер және барлық қосылған жабдықтың Control for HDMI функциясын бөлек-бөлек орнатыңыз.



- 1 Бастапқы мәзірден «Settings» таңдап, (+) түймесін басыңыз. Settings мәзірінің тізімі теледидар экранында пайда болады.
- 2 «HDMI» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз.
- 3 «Control for HDMI» параметрін таңдап, (+) түймесін басыңыз.
- 4 «On» параметрін таңдап, сосын (+) түймесін басыңыз. Ресивердің Control for HDMI функциясын қосулы күйге орнатылған.
- 5 GUI мәзірінен шығу үшін HOME түймесін басыңыз.
- 6 Қосылған жабдық кескіні көрсетілуі үшін қосылған жабдықтың HDMI кірісіне ТД мен ресивердің HDMI кірісін сәйкестендіру үшін таңдаңыз.
- 7 Қосылған жабдықтың Control for HDMI функциясын қосулы күйге орнатыңыз. ТД және қосылған жабдықты орнату мәліметтерін сәйкес жабдықтың пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- 8 Control for HDMI функциясын пайдалану қажет басқа жабдық үшін 6-ші және 7-ші қадамдарды қайталаңыз.


Ескертпе

HDMI кабелі ажыратылса немесе байланыс өзгертілсе, жоғарыдағы қадамдарды орындаңыз.

One-Touch Play

HDMI байланысы арқылы ресиверге қосылған ойнату жабдығы іске қосылса, ресивер және ТД жұмысы келесідей жеңілдетіледі:

Ресивер және ТД



Егер «Pass Through» параметрі «Auto» немесе «On»* күйіне орнатылатын болса (102-бет), онда ресиверді күту режиміне орнатыңыз, дыбыс пен кескін тек теледидардан шығады.

* Тек Австралия үлгілері үшін.

Ескертпелер

- Жүйелік аудио басқару функциясы ТД мәзірі арқылы қосулы күйге орнатылғанын тексеріңіз.
- Қосылған жабдықтан кері ойнатқан кезде теледидардан кескін мен дыбыс дереу жоғалады.
- Параметрлерге байланысты «Pass Through» параметрін «On» немесе «Auto» күйіне орнатқан кезде ресивер қосылмауы мүмкін.

Қеңес


Сондай-ақ, ТД мәзірінен Blu-ray Disc, DVD ойнатқышы сияқты қосылған жабдықты таңдай аласыз. Ресивер және ТД автоматты түрде тиісті HDMI кірісіне қосылады.

System Audio Control

Қарапайым әрекет арқылы ресиверге қосылған динамиктерден ТД дыбысын ести аласыз.

System Audio Control функциясын TV мәзірі арқылы пайдалануға болады.

Мәліметтерді ТД пайдалану нұсқауларынан қараңыз.



Сондай-ақ, System Audio Control функциясын келесідей орнатуға болады.

- ТД қосулы кезде ресивер қосылатын болса, System Audio Control функциясы автоматты түрде ресиверге қосылған динамиктер арқылы ТД дыбысын шығаруды белсендіреді. Дегенмен, егер ресивер өшірілетін болса, ТД динамиктерінен дыбыс шығады.
- Ресиверге қосылған динамиктерден ТД дыбысын есту кезінде дыбыс деңгейін реттеуге болады немесе теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы дыбысты уақытша өшіруге болады.


Ескертпелер

- Егер System Audio Control функциясы ТД параметріне сәйкес жұмыс істемесе, ТД пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- «Control for HDMI» параметрі «On» күйіне орнатылса, HDMI Settings мәзіріндегі «Audio Out» параметрлері System Audio Control параметрлеріне сәйкес автоматты түрде орнатылады (102-бет).
- Егер ресиверді қоспаса бұрын ТД қосылатын болса, ТД дыбысы бірден жоғалады.

Жүйені өшіру

Теледидарды қашықтан басқару құралындағы қуат түймесі арқылы ТД өшірілетін болса, ресивер және қосылған жабдық автоматты түрде өшіріледі.

Сондай-ақ, ТД өшіру үшін ресивердің қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.



TV түймесін басып, AV I/⏻ түймесін басыңыз.

ТД, ресивер және қосылған жабдық өшіріледі.

Ескертпелер

- System Power-Off функциясын пайдаланбастан бұрын теледидардың қуат көзін құлыптау функциясын қосулы күйге орнатыңыз. Мәліметтерді ТД пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Қосылған жабдық жағдайына байланысты ол өшірілуі мүмкін. Мәліметтерді қосылған жабдыққа қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Егер System Power-Off функциясын Sony шығармаған теледидармен пайдаланатын болсаңыз, қашықтан басқару құралын теледидар жасаушымен бағдарламалаңыз.

Scene Select

Оңтайлы сурет сапасы мен дыбыс өрісі теледидарда тандалған кескінге сәйкес автоматты түрде таңдалады.

Жұмыс туралы мәліметтерді теледидарды пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Ескертпе

Дыбыс өрісі теледидарға байланысты қосылмауы мүмкін.

Сәйкестік кестесі

Теледидардағы кескін параметрі	Дыбыс өрісі
Кинотеатр	HD-D.C.S.
Спорт	Спорт
Музыка	Жанды концерт
Анимация	A.F.D. Авто
Фотосурет	A.F.D. Авто
Ойын	A.F.D. Авто
Графиктер	A.F.D. Авто

Home Theatre Control

Егер «Home Theatre Control» үйлесімді ТД ресиверге қосылатын болса, интернетке негізделген қолданбалар белгішесі қосылған теледидарда пайда болады.

Ресивер кірісін қосуға болады немесе теледидарды қашықтан басқару құралы арқылы дыбыс өрістерін қосуға болады. Сондай-ақ, орталық динамик немесе сабвуфер деңгейін реттеуге болады немесе «Sound Optimizer» (60-бет), «Dual Mono» (101-бет), немесе «A/V Sync» (100-бет) параметрлерін реттеуге болады.

Ескертпе

Үй кинотеатрын басқару функциясын пайдалану үшін теледидар арқылы кеңжақтақты қызметке кіре алу қажет. Мәліметтерді ТД пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Remote Easy Control

Ресивер мәзірін басқару үшін теледидарды қашықтан басқару құралын пайдалануға болады. Мәліметтерді ТД пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

ТД арқылы танылған ресиверді (AV AMP) таңдаңыз.

Ескертпелер

- Ресивер ТД арқылы «Tuner (AV AMP)» ретінде танылады.
- ТД сілтеме мәзірмен үйлесімді болуы қажет.
- ТД түріне байланысты кейбір операциялар қол жетімсіз болуы мүмкін.

MHL құрылғысын басқару

MHL кабелі (жинақта берілмеген) бар MHL құрылғысын байланыстыру кезінде операция келесідей қарапайым жасалады:

- One-Touch Play (85-бет)
- Remote Easy Control (85-бет)


Ескертпелер

- Бұл функция HDMI кабелі арқылы (жинақта берілмеген) Sony «BRAVIA» Sync үйлесімді теледидармен байланысуға мүмкіндік береді.
- Бұл функция қосылған MHL құрылғысына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұл функция келесі жағдайда істеуі мүмкін
 - Ресивер қосылған.
 - «Control for HDMI» функциясы «On» күйіне орнатылған.
 - MHL құрылғысы HDMI/MHL (VIDEO 2 IN) ұясына MHL кабелі (жинақта берілмеген) арқылы қосылған (32-бет).

One-Touch Play

MHL құрылғысынан қосылу, ойнату және т.б. таңдалса, ресивер арқылы тиісті кіріске ауыстырылады.

Remote Easy Control



MHL құрылғысын басқару үшін қашықтан басқару құралындағы $\uparrow/\downarrow/\leftarrow/\rightarrow$, \oplus , RETURN \hookrightarrow , OPTIONS, HOME*, \blacktriangleright , \parallel , \blacksquare , $\blacktriangleleft/\blacktriangleright$, \ll , \gg түймелерін пайдалануға болады.


* MHL құрылғысының бастапқы мәзірін көрсету үшін HOME түймесін басып тұрыңыз.

Ескертпе

MHL құрылғысын басқару үшін түймелерді пайдаланбас бұрын AMP түймесінің басылғанын тексеріңіз.

HDMI бейне сигналдарын шығаратын мониторларды ауыстыру

HDMI OUT A және HDMI OUT B ұяларына қосылған екі монитор бар болса, қашықтан басқару құралындағы HDMI OUTPUT арқылы осы екі монитор шығысын ауыстыруға болады.



- 1 Ресиверді және екі мониторды қосыңыз.**
- 2 HDMI OUTPUT түймесін басыңыз.**
Түймені басқан сайын шығыс келесідей қосылады:
HDMI A → HDMI B → HDMI A + B → HDMI OFF → HDMI A...

Ескертпелер

- Егер үйлесімді бейне пішімі ресивердің HDMI OUT A және HDMI OUT B ұясына қосылған мониторлар арасында басқа болса, «HDMI A + B» жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қосқан ойнату жабдығына байланысты «HDMI A + B» жұмыс істемеуі мүмкін.

Сандық және аналогтік аудио арасында ауыстыру (INPUT MODE)

Жабдық ресивердегі сандық және аналогтік кіріс ұяларына қосылса, аудио кіріс режимін олардың кез келгеніне реттей аласыз немесе көру қажет материал түріне байланысты біреуінен басқасына ауыстырыңыз.

1 Кірісті таңдау үшін кіріс түймелерін басыңыз.

Сондай-ақ, ресивердегі INPUT SELECTOR параметрін қосуға болады.

2 Аудио кіріс режимін таңдау үшін INPUT MODE түймесін бірнеше рет басыңыз.

Сондай-ақ, ресивердегі INPUT MODE параметрін қолдануға болады.

Дисплей тақтасында таңдалған аудио кіріс режимі пайда болады.

- **AUTO:** Сандық аудио сигналдарына басымдық беріледі. Бірнеше сандық байланыс болса, HDMI аудио сигналдарына басымдық беріледі. Егер сандық аудио сигналдар болмаса, аналогтік аудио сигналдар таңдалады. Т.Д кірісі таңдалса, басымдық Audio Return Channel (ARC) сигналдарына беріледі. Егер теледидар ARC функциясымен үйлесімсіз болса, сандық оптикалық аудио сигналдары таңдалады.

Егер ресивердің және теледидардың Control for HDMI функциялары белсендірілмесе, ARC жұмыс істемейді.

- **COAX:** Сандық аудио сигналдардың кірісін COAXIAL ұясына көрсетеді.
- **OPT:** Сандық аудио сигналдардың кірісін OPTICAL ұясына көрсетеді.
- **ANALOG:** Аналогтік аудио сигналдардың кірісін AUDIO IN (L/R) ұяларына көрсетеді.

Ескертпелер

- Кіріске сәйкес дисплей тақтасында «-----» пайда болады және басқа режимдерді таңдау мүмкін емес.
- «2ch Analog Direct» функциясын пайдаланылатын болса, аудио кірісі «ANALOG» күйіне орнатылады. Басқа режимдерді таңдау мүмкін емес.

Басқа бейне/аудио кіріс ұяларын пайдалану (Кірісті тағайындау)

Бейне және аудио сигналдарды басқару кіріс ұяларына қайта тағайындауға болады.

Кіріс ұяларын қайта тағайындағаннан кейін қосылған жабдықты таңдау үшін кіріс түймесін (немесе ресивердегі INPUT SELECTOR түймесін) пайдалануға болады.

Құрамдас бейнесі және сандық аудио кірісін тағайындау

Егер ұялардың әдепкі параметрлері қосылған жабдыққа сәйкес келмесе, COMPONENT VIDEO және DIGITAL кіріс ұяларын басқа кіріске қайта тағайындауға болады.

Мысалы:

DVD ойнатқышын OPTICAL IN 1 (SAT/CATV) және COMPONENT VIDEO IN 1 (SAT/CATV) ұяларына қосқан кезде.

- OPTICAL IN 1 (SAT/CATV) ұясын «DVD» күйіне тағайындаңыз.
- COMPONENT VIDEO IN 1 (SAT/CATV) ұяларын «DVD» тағайындаңыз.

- 1** Бастапқы мәзірден «Settings» таңдап, ⊕ түймесін басыңыз. Settings мәзірінің тізімі теледидар экранында пайда болады.
- 2** «Input» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3** Тағайындау үшін қажет кіріс атауын таңдап, сосын ⊕ түймесін басыңыз.
- 4** «COMPONENT» немесе «OPT/COAX» таңдау үшін ◀/▶ түймесін бірнеше рет басыңыз.
- 5** Тағайындау қажет ұяны таңдау үшін ▲/▼ түймесін бірнеше рет басып, ⊕ түймесін басыңыз.

Кіріс атауы		BD	DVD	GAME	SAT/ CATV	VIDEO 1	VIDEO 2	VIDEO 3	SA-CD/ CD
Тағайындауға болатын бейне кіріс ұялары	IN2	○	○*	○	○	○	○	○	○
	IN1	○	○	○	○*	○	○	○	○
	Ештеңе	○*	○	○*	○	○*	○*	○*	○*
Тағайындауға болатын аудио кіріс ұялары	OPT 2	○	○	○	○	○	○	○	○
	OPT 1	○	○	○	○*	○	○	○	○
	COAX	○	○*	○	○	○	○	○	○
	Ештеңе	○*	○	○*	○	○*	○*	○*	○*

* Әдепкі параметр

Ескертпелер

- Сандық аудио кірісті тағайындаған кезде «INPUT MODE» параметрін автоматты түрде өзгертуге болады.
- Бір қайта тағайындау әрбір кіріске рұқсат етеді.

Екі арналы күшейткіш байланысын пайдалану

- 1** Бастапқы мәзірден «Settings» таңдап, ⊕ түймесін басыңыз. Settings мәзірінің тізімі теледидар экранында пайда болады.
- 2** «Speaker» параметрін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 3** «Speaker Connection» параметрін таңдап, сосын ⊕ түймесін басыңыз.
- 4** Көлемді артқы динамиктер және алдыңғы жоғарғы динамиктер болмайтындай сәйкес динамик үлгісін таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 5** «Bi-Amplifier Connection» параметрін таңдап, сосын ⊕ түймесін басыңыз. SPEAKERS FRONT A терминалдарынан шығатын бірдей сигналдар SPEAKERS SURROUND BACK/BI-AMP/FRONT HIGH/FRONT B терминалдарынан да шығады.
- 6** Таңдауды сақтау үшін ⊕ түймесін басыңыз.

Мәзірден шығу

HOME түймесін басыңыз.

Ескертпелер

- Auto Calibration функциясын орындамас бұрын «Bi-Amplifier Connection» параметрін таңданыз.
- «Bi-Amplifier Connection» функциясы таңдалса, динамик деңгейі және көлемді артқы динамиктер мен алдыңғы жоғарғы динамиктердің қашықтық параметрлері жарамсыз болады және осы алдыңғы динамиктер пайдаланылады.

Бірнеше аймақтық мүмкіндіктерді пайдалану


Негізгі аймақтан басқа аймақтағы ресиверге қосылған жабдық дыбыстарын пайдалануға болады. Мысалы, негізгі аймақта DVD көруге және 2-аймақта CD тыңдауға болады. IR қайталағышын (жинақта берілмеген) пайдалану кезінде негізгі аймақта екі жабдықты да және Sony ресиверін 2-аймақтан 2-аймаққа дейін пайдалануға болады.

Ресиверді 2-аймақтан пайдалану

Егер IR қайталағышын (жинақта берілмеген) IR REMOTE ұясына қосылған болса, ресивер арқылы қашықтан басқару құралына сілтеме жасамай ресиверді басқаруға болады. Қашықтан басқару құралынан сигналдар алынбайтын орында ресиверді орнату кезінде IR қайталағышын пайдаланыңыз.

2-аймақ байланысын жасау


Ресивер және басқа күшейткіш арқылы 2-аймақтағы динамиктер дыбысын шығарады.



- A** Аудио жабдығы
- B** IR қайталағышы (жинақта берілмеген)
- C** Динамиктер
- D** Sony Күшейткіш/ресивер

Ресиверді 2-аймақтан басқару

Келесі операциялар IR қайталағышын қосуға және 2-аймақта басқаруға байланысты сипатталған. IR қайталағышы қосылмаса, негізгі аймақтағы қайталағышты пайдаланыңыз.



- 1** Негізгі ресиверді қосыңыз (осы ресивер).
- 2** 2-аймақтағы ресиверді қосыңыз.
- 3** ZONE түймесін басыңыз. Қашықтан басқару құралы 2-аймаққа бұрады.
- 4** I/⏻ түймесін басыңыз. Аймақ функциясы белсендіріледі.
- 5** Қажетті көзді таңдау үшін кіріс түймелерін басыңыз.
- 6** 2-аймақтағы ресивер арқылы үйлесімді өлшемге реттеңіз.

2-аймақ операцияларында қол жетімді

INPUT	ZONE 2 ¹⁾
BD	–
DVD	–
GAME	–
SAT/CATV ²⁾	○
VIDEO 1 ²⁾	○

INPUT	ZONE 2 ¹⁾
VIDEO 2	–
VIDEO 3	–
ТД	–
SA-CD/CD	○
FM ³⁾	○
AM ³⁾	○
USB	–
HOME NETWORK	–
SEN	–
SOURCE	○

- 1) 2-аймақ үшін тек аналогтік аудио сигналдар шығады.
- 2) Тек SOURCE параметрі таңдалса, негізгі аймақтағы ағымдағы кіріс сигналдар шығады.
- 3) Негізгі және 2-аймақтан «FM» немесе «AM» таңдауға болады. Тіпті, егер аймақтардың бірінде басқа таңдау әлдеқашан таңдалса да, басымдық ең соңғы таңдалған таңдауға беріледі.

2-аймақ операциясынан шығу


ZONE түймесін басып, I/⏻ түймесін басыңыз.

Keңестер

- Тіпті, бұл ресивер күту режимінде болса да (осы ресиверді өшіру үшін қашықтан басқару құралында I/⏻ түймесін басыңыз), 2-аймақтағы ресивер қосулы қалады.
- Ресивер күту режимінде тұрғанда алдыңғы тақтадағы I/⏻ (қосу/күту) индикаторы 2-аймақтағы ресивер қосылған кезде сары түсте жанады.
- AirPlay функциясы негізгі аймақта ғана қол жетімді.

Зауыттық әдепкі параметрлерге қалпына келтіру

Барлық жадқа сақталған параметрлерді жоя аласыз және келесі процедураны орындау арқылы ресиверді зауыттық әдепкі параметрлерге қайтаруға болады. Сондай-ақ, бұл процедураны ресиверді бірінші рет пайдаланбас бұрын баптандыру үшін пайдалануға болады. Осы жұмысты орындау үшін ресивердегі түймелерді қолдануды ұмытпаңыз.



- 1 Ресиверді өшіру үшін I/⏻ түймесін басыңыз.**
- 2 I/⏻ түймесін 5 секунд басып тұрыңыз.**

Белгілі бір уақытқа дисплей тақтасында «CLEARING» күйі пайда болып, одан кейін «CLEARED!» күйіне өзгереді. Әдепкі күйлеріне қалпына келтірілген параметрлерге өзгерістер немесе реттеулер жасалды.


Ескертпе

Жадтың толық тазалануы бірнеше минут алады. «CLEARED!» күйі дисплейде пайда болғанша ресиверді өшірмеңіз.


Параметрлерді реттеу

Settings мәзірін қолдану


Settings мәзірін қолдану арқылы динамиктер, көлемді әсерлер, т.б. үшін әр түрлі параметрлерді реттеуге болады.




- 1 AMP түймесін басып, содан кейін HOME түймесін басыңыз.**
ТД экранында бастапқы мәзір көрсетіледі.



- 2 «Settings» параметрін таңдап, мәзір режимін енгізу үшін (+) түймесін басыңыз.**
Settings мәзірінің тізімі теледидар экранында пайда болады.



- 3 Қалаған мәзір тармағын таңдап, (+) түймесін басыңыз.**
Мысалы: «Speaker» функциясын таңдағанда.



- 4 Қалаған параметрді таңдап, (+) түймесін басыңыз.**


Алдыңғы экранға оралу


RETURN ⏪ түймесін басыңыз.

Мәзірден шығу

